



БАЛҚАН ТҮБЕГІМЕН БАЙЛАНЫСТЫРҒАН ТАРИХИ САПАР

Тәуелсіздік сарайында елімізге ресми сапармен келген Черногория Президентін салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Іс-шара барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Яков Милатович бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет карауылы ротасының бастығы рапорт берген соң екі елдің әнұрандары шырқалды. Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы мәртебелі мейманға ілтипат танытып, Черногория Президентінің сапары тарихи мәнге ие екенін атап өтті.

— Президент мырза, Қазақстанға ресми сапармен келгеніңізге өте қуаныштымын. Черногория мемлекеті басшысының алғашқы тарихи сапарына ерекше мән беріп отырмыз. Сондай-ақ мұны



еліміз үшін өте маңызды уақиға ретінде қарастырамыз. Келіссөздеріміздің нәтижесі екіжақты қарым-қатынасқа тың серпін беретініне сенімім кәміл. Черногорияны халқымыз жақсы біледі. Көптеген азаматымыз жыл сайын Сіздің елде демалып, жақсы әсермен оралады. Орайлы сәтті

пайдалана отырып, еліңіздің тәуелсіздік алғанына 20 жыл толуымен құттықтаймын. Осы жылдарда біз жақсы қарым-қатынас орнаттық. Өзара ынтымақтастығымыздың мазмұнын байыта түсу керек деп ойлаймын. Оған ешқандай кедергі жоқ. Сіздің іскерлік делегацияңыздың құрамы

өте салмақты. Бұл экономикалық және іскерлік байланыстардың ауқымын арттыра түсуге ниетті екеніңізді көрсетеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан Черногориямен өзара қызығушылық танытқан барлық бағытта тығыз ықпалдастық ор-

натуға дайын екенін растады. Президенттің айтуынша, сауда-инвестиция, көлік байланысы, цифрлық шешімдер, ауыл шаруашылығы, туризм және тағы басқа салалар бірлескен жұмыстың басым векторы болуға тиіс.

Яков Милатович Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлық көрсеткені үшін алғыс айтты.

— Құрметті Президент! Ең алдымен Қазақстанға шақырғаныңыз үшін алғыс айтамын. Өзіңіз атап өткендей, бұл — Черногория Президентінің Қазақстанға алғашқы ресми сапары. Бүгін біз екіжақты ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейте түсеміз деп сенемін. Бұл сапар байланыстарымыздың жоғары деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Мен мұнда достас елдің өкілі ретінде келдім. Черногорияның іскерлік орта өкілдері де осында. Екі елдің сауда палаталары бизнес форум өткізеді, бірқатар меморандумға қол қойылады. Черногория Қазақстан азаматтары үшін танымал бағыттардың бірі екенін білеміз. Осы тараптағы байланыстарымызды күшейте түскіміз келеді. Сізбен саяси ынтымақтастықты ғана емес, экономикалық серіктестікті кеңейту мүмкіндіктерін де талқылаймыз, — деді Черногория Президенті.

(Жалғасы 2-бетте)

ПРЕЗИДЕНТ ПОЛЬША СЕНАТЫНЫҢ МАРШАЛЫН ҚАБЫЛДАДЫ



Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Польша Республикасы Сенатының Маршалы Малгожата Кидава-Блоньскамен кездесті.

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықты нығайту және қос елдің заң шығарушы органдары арасындағы байланысты кеңейту мәселелері талқыланды.

— Әлемдегі экономикасы ірі елдердің жиырмалығына енетін Польшамен ықпалдастықты ілгерілетуге ерекше мән береміз. Мемлекеттеріміз арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнаған сәттен бері шынайы достық байланыстар қалыптасты. Парламентаралық диалог жоспарлы әрі табысты түрде дамып келеді, — деді Мемлекет басшысы.

Әңгімелесу барысында тарихи тамырластыққа айрықша назар аударылды. Президент көрнекті поляк этнографы Адольф Янушкевичтің қазақ тарихын, тұрмысы мен мәдениетін зерттеуге зор үлес қосқанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев орайлы сәтті пайдалана отырып, Польша Президенті

Кароль Навроцкийге және Премьер-министр Дональд Тускке ыстық ықыласын жолдады.

Малгожата Кидава-Блоньска қонақжайлық танытқаны үшін Мемлекет басшысына шынайы ризашылығын білдірді.

— Сізбен кездесуді үлкен мәртебе санаймын. Қазақстанға жасаған алғашқы сапарымның мәні ерекше. Біз еліңізге поляк халқы үшін елеулі кезеңде келіп отырмыз. Яғни отандастарымыздың осы жерге күштеп жер аударылғанына 90 жыл толды. Оларға қазақ халқы сүйеу болып, қилы заманда қол ұшын созды. Бізді ортақ тарих қана емес, келешектегі мол мүмкіндіктер де біріктіреді. Польша үшін аймақтағы жетекші елдердің бірі саналатын Қазақстанмен ынтымақтастықты дамыту аса маңызды, — деді Сенат Маршалы.

САЯСАТ

20 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

БАЛҚАН ТҮБЕГІМЕН БАЙЛАНЫСТЫРҒАН ТАРИХИ САПАР

(Басы 1-бетте)

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ЖАНДАНДЫРУҒА НИЕТТІ

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Яков Милатович кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен жалғасқан келіссөздер барысында саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық перспективасы талқыланды.

Мемлекет басшысы Черногорияны Қазақстанның Балқан түбегіндегі сенімді серіктестерінің бірі ретінде атады. Сонымен қатар ел басшылығының Еуропа Одағына мүше болуды көздеген сындарлы әрі дәйекті саясатына жоғары баға берді.

— Президент мырза, Сіз реформаларды ілгерілетіп, Еуропа Одағы мүшелігіне үміткер саналатын Черногорияның позициясын нығайтуда маңызды рөл атқарып келесіз. Осы ұлттық стратегиялық мақсатқа жету жолында табыс тілейміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанның Черногориямен серіктестік қарым-қатынасты жандандыруға ниетті екенін жеткізіп, соңғы жылдары тұрақты сипат алған жоғары деңгейдегі саяси байланыстардың арқасында ынтымақ-



тастық қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Подгорицада Қазақстан Бас консулдығының ашылуы Астананың екіжақты байланыстарды барынша кеңейтуге бейіл екенін көрсетеді. Осы орайда Президент елордамызда Черногорияның дипломатиялық миссиясын ашу, сондай-ақ парламентаралық байланыстарды күшейту жөніндегі қарымта қадамдардың маңызын атап өтті.

Мемлекет басшысы бизнес өкілдерінің бүгінгі кездесуі мен сауда палаталары арасында қол қойылатын Өзара түсіністік туралы меморандум іскерлік қатынастарды дамытуға септігін тигізетініне сенім білдірді.

— Қазақстан нарығына кіргісі келетін черногориялық компанияларды қуана қарсы аламыз. Кәсіпкерлеріңізге қолайлы жағдай жасауға дайынбыз, — деді Президент.

ДИПЛОМАТИЯНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ

Яков Милатович Қазақстанға сапары екіжақты дипломатиялық байланыс орнағанына 20 жыл толуымен тұспа-тұс келіп отырғанына мән берді.

— Бұл сапар саяси тұрғыдан екі ел арасындағы сенім деңгейі жоғары екенін байқатады. Оның іскерлік бөлігіне жауапты Экономикалық палата да сапардың мазмұнды өтуіне мүдделі. Сауда

палаталары арасында қол қойылатын Өзара түсіністік туралы меморандум тығыз экономикалық ықпалдастыққа тың серпін береді деп санаймын, — деді Черногория Президенті.

Оның айтуынша, Қазақстан визасыз режим қолданылатын елдердің қатарына кіреді.

— Біз қазір Еуропа Одағына мүше болу үдерісінің соңғы кезеңіндеміз. 2028 жылы Одақтың толық мүшесі боламыз деп үміттенеміз. Бұл Черногория мен Қазақстан арасындағы серіктестікті нығайтатын тағы бір алаң болмақ, — деді Яков Милатович.

Тараптар өзара сауда көлемін ұлғайту, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы және цифрландыру сияқты экономиканың

басты секторларындағы ынтымақтастықты арттыру мүмкіндіктерін қарастырды.

Сонымен қатар мемлекеттер басшылары екі елдің туризм, жоғары білім және ғылым салаларындағы серіктестігін, мәдени-гуманитарлық байланыстарын ілгерілетуге уағдаласты. Бұл бастамалар халықтарымыздың достығы мен өзара түсіністігін нығайта түседі.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Черногория Ұлттық кітапханасы жанынан Абай орталығын ашуға ықпал еткені үшін Яков Милатовичке ризашылығын білдірді.

Бұдан бөлек, президенттер жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Яков Милатович Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Сапар аясында туризм, БАҚ саласындағы ынтымақтастықты дамытуға, сондай-ақ екі елдің сауда-экономикалық палаталары арасында байланыс орнатуға бағытталған құжаттарға қол қойылды.

Басқосулар нәтижесінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Черногория Президенті Яков Милатович бірлескен мәлімдеме жасады. Мемлекеттер басшылары 11 тармақтан тұратын маңызды келісімдерге қол қойғаны жария етілді.

СЕНІМГЕ ҚҰРЫЛҒАН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Польша Республикасы Парламенті Сенатының Маршалы Малгожата Кидава-Блоньскаямен кездесті. Тараптар екіжақты ынтымақтастықты және парламентаралық өзара іс-қимылды одан әрі нығайтудың келешегін талқылады.

Мәулен Әшімбаев Маршалдың сапары Қазақстан мен Польша екіжақты қарым-қатынасты кеңейтуге мүдделі екенін көрсетінін атап өтті. Сондай-ақ Сенат Төрағасы өзара байланысты парламентаралық деңгейде және халықаралық ұйымдар аясында арттырудың маңызды екеніне тоқталды.

«Польша — Қазақстанның Еуропалық Одақтағы маңызды серіктестерінің бірі. Біздің елдеріміздің қарым-қатынасы өзара сенім мен сындарлы ынтымақтастыққа табан тірейді. Саяси диалог жолға қойылып, сауда-экономикалық және инвестициялық байланыс дәйекті түрде дамып келеді. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық та



кеңеюде. Жоғары деңгейдегі, яғни мемлекет басшыларының кездесулері мен сыртқы саяси ведомстволар арасындағы байланыс тұрақты түрде жалғасып келеді. Екі ел Парламенттері арасындағы қарым-қатынаста қарқынды дамуда», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан реформаларға назар аударды. Бұл ретте Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған ауқымды жаңғыртулардың жүйелі жалғасы саналған конституциялық реформаның

маңызды міндеттеріне баса мән берілді. Мәулен Әшімбаев аталған бағыт әділеттілік, заң үстемдігі және биліктің қоғам алдындағы жауапкершілігі қағидаттарына негізделгенін атап өтті.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен 15 наурызда жаңа Конституция қабылдау жөнінде республикалық референдум өтті. Конституциялық реформаның негізгі мәні — мемлекеттілікті, тәуелсіздік пен егемендікті нығайту. Бұл қазіргі күрделі геосаяси ахуал жағдайында

айрықша маңызға ие. Реформа аясында азаматтардың әл-ауқатын арттыру, адам капиталын нығайту, ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтау сияқты еліміздің ұзақмерзімді дамуының негізгі басымдықтары нақты айқындалды. Алғаш рет Ата заңның құрылымы адамды және оның жан-жақты дамуын басты құндылық ретінде белгілеп, қалыптастырылды», — деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында тараптар сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтуді көздейтін бірлескен жобаларды іске асыру мәселелерін де талқылады.

Өз кезегінде Малгожата Кидава-Блоньская қонақжайлық пен мазмұнды кездесу үшін Мәулен Әшімбаевқа ризашылығын білдіріп, екі ел арасындағы байланыстарды одан әрі нығайтуға және парламентаралық ынтымақтастықты дамытуға мүдделі екенін жеткізді.

Айта кетейік, Польша Сенаты Маршалының сапары аясында жоғары деңгейдегі кездесулер, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысының жұртшылығымен жүздесу және поляктардың Қазақстанға депортацияланғанына 90 жыл толуына арналған еске алу іс-шараларына қатысу жоспарланған.

ҚАРАЖАТ НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕРГЕ БАҒЫТТАЛУЫ КЕРЕК

Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда депутаттар Үкіметтің және Жоғары аудиторлық палатаның 2025 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері мен күн тәртібіне шығарылған заңды қарады.



Есептерді талқылау барысында өткен жылдың қорытындысы бойынша ұлттық экономиканың өсімі 6,5 пайызды құрағаны атап өтілді. Бұл оң динамика инвестиция көлемінің артуының, іскерлік белсенділіктің жандануының және өңдеу өнеркәсібі секторының нығаюының нәтижесінде қамтамасыз етілгені де назарға алынды. Сонымен қатар сақталып отырған бюджеттік ынталандыру инфляциялық қысымды күшейтіп, халықтың нақты табысының төмендеуіне әсер етті. Осыған байланысты сенаторлар бюджетті жоспарлаудың сапасын арттыру қажет екенін айтып, бірқатар жүйелі мәселеге назар аударды.

«Бүгін біз Үкіметтің және Жоғары аудиторлық палатаның 2025 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін қарап, талқыладық. Былтыр инвестициялар тарту, іскерлік белсенділіктің артуы және өңдеу секторын дамыту нәтижесінде экономикалық өсім 6,5 пайызды құрады. Сонымен қатар сенаторлар бюджетті жоспарлаудың сапасына, борыштық жүктеменің өсуіне, өнімдердің орталыққа тәуелділігіне, бюджеттен тыс қорлардың қызметіне және басқа да мәселелерге қатысты алаңдаушылық білдіріп отыр. Жалпы, Бюджет кодексі Үкіметтің қаржы ресурстарын басқарудағы мүмкіндіктерін кеңейтті. Алайда бюджетке сегіз рет түзету енгізілуі және қаражаттың ауқымды түрде қайта бөлінуі жоспарлау дәлдігінің төмендігін көрсетеді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бюджет қаражатын формалды түрде игеру тәжірибесін тоқтату керектігі жөнінде айтқанына назар аударды. Осыған байланысты Мәулен Әшімбаев қаржыландыру нақты экономикалық нәтиже беретін және халықтың әл-ауқатын арттыруға ықпал ететін жобаларға ғана бағытталуға тиіс екенін тілге тиек етті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бюджет қаражатын формалды түрде игеру тәжірибесін тоқтатып, қаржыны азаматтарымызға және ел экономикасына нақты пайда әкелетін жобаларға ғана бағыттауды тапсырды. Бү-

гінгі талқылау бюджет процесінің сапасын арттыру жоғары жауапкершілікті, атқарушылық тәртіпті және нақты нәтижеге бағдарлануды талап ететінін көрсетті. Сонымен қатар жаңа Салық кодексі мемлекет кірістері мен бизнестің дамуы арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге тиіс. Үкімет айтылған барлық ескерту мен ұсыныстарды мұқият зерделеп, оларды іске асыру үшін қажетті шаралар қабылдайды деп сенеміз», — деп, палата Төрағасы мазмұнды әрі сындарлы пікір алмасуға қатысқан Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банк пен Жоғары аудиторлық палатаның басшылығына алғыс білдірді.

Отырыста Қаржы министрі Мәди Такиев, Ұлттық Банк Төрағасы Тимур Сүлейменов және Жоғары аудиторлық палата Төрағасы Әлихан Смайылов баяндама жасады. Палата отырысына сенаторлармен қатар Премьер-министрдің орынбасарлары, министрліктердің, агенттіктердің және ұлттық компаниялардың басшылары қатысты.

Сенат депутаттары Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның есептерін талқылағаннан кейін Парламент палаталарының алдағы бірлескен отырысында осы мәселе бойынша Сенат атынан қосымша баяндама жасайтын депутат Нұрлан Бекеновтің кандидатурасын мақұлдады.

Сонымен қатар Палата отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экология және экономиканың жекелеген салаларын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң бірінші оқылымда қаралды. Аталған заң аясындағы түзетулер экология саласын цифрландыруға, климаттық реттеуді дамытуға және экологиялық бақылауды күшейтуге бағытталған. Қабылданатын өзгерістер Қазақстанның Ұлттық гидрометеорологиялық қызметінің жұмысын жетілдіруге, экологиялық сараптама мен қоғамдық тыңдаулар өткізу рәсімдерін оңтайландыруға, сондай-ақ инвестициялық жобалар үшін рұқсат беру тәртібін жеңілдетуге жол ашады. Бұл ретте көмірсутектерді теңізге барлау жұмыстарына қатысты қатаң экологиялық талаптар сақталатынын атап өткен жөн.



ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫҢ ЖАҢА СЕРПІНІ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Польша Республикасы Сенатының Маршалы Малгожата Кидава-Блоньскамен кездесті. Тараптар парламентаралық ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейту мәселелерін талқылады.

Мәртебелі мейманды қарсы алған Мәжіліс Спикері екі ел арасындағы ынтымақтастықтың сындарлы сипатын атап өтті.

— Қазақстан мен Польша — маңызды стратегиялық серіктес елдер. Біздің қарымқатынасымыз жоғары деңгейдегі өзара түсіністікке және сенімге негізделген. Мемлекеттеріміздің басшылары екіжақты ынтымақтастықтың зор әлеуетін тиімді іске асыруға барлық күш-жігерін салуда. Қазақстан-Польша ықпалдастығының қарқынды дамуына екі елдің парламенттері де өз үлесін қосып, барлық деңгейде бірлесіп іс-әрекет етуде, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы польшалық әріптесін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан саяси реформалар туралы мәлімет берді. Бүкілхалықтық референдумда жаңа Конституцияның қабылдануы жаңғырту процесінің маңызды кезеңіне айналды. Конституциялық нормаларды іс жүзіне асыру мақсатымен Парламент аса маңызды заңдарды қабылдады. Олардың қатарында Президент, Құрылтай, Халық кеңесі туралы және басқа да заңнамалық актілер бар. Мәжіліс Спикері әріптесін алдағы парламентаралық сайлауды байқау жөніндегі миссияларға қатысуға шақырды.

Өз кезегінде Польша Республикасы Сенатының Маршалы Малгожата Кидава-

Блоньска қонақжайлық танытқаны үшін алғысын білдіріп, Польшаның екіжақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге мүдделі екенін атап өтті. Ол Қазақстанның қол жеткізген жетістіктеріне ерекше әсер алғанын айтты. Польша делегациясының басшысы экономика, мәдениет, білім беру, спорт және өзге де салалардағы әріптестікті кеңейту қажеттігіне назар аударды. Сонымен қатар Қазақстандағы поляктарға өз ана тілін және діни сенімін сақтауға қолайлы жағдай жасағаны үшін ризашылығын білдірді.

Тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мәселесіне ерекше мән беріп, өңдеу өнеркәсібі, машина жасау, энергетика, металлургия, тамақ, мұнай-химия және химия салаларындағы өзара байланыстың жоғары әлеуетін атап өтті. Сонымен қатар Мәжіліс Төрағасы IT саласындағы ынтымақтастықтың өзектілігіне ерекше тоқталып, Қазақстанда 2026 жылдың Цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жарияланғанына назар аударды. Осыған байланысты цифрландыру мен жасанды интеллект салаларында заң шығару ісінде тәжірибе алмасуды күшейту ұсынылды.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар бұл сапар екі ел арасындағы парламентаралық диалогқа жаңа серпін беретініне сенім білдірді.

ШАРУАЛАРҒА ЖЕҢІЛДІК ЖАСАЛАДЫ

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен жаңа Салық кодексінің енгізу жөніндегі жобалық кеңсесінің 18-ші отырысында құжаттағы ең көп талқыланатын норманың бірі – ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы және кәсіпшілік балық аулау өнімдеріне қатысты ҚҚС бойынша жеңілдіктерді қолдану тәртібі қаралды.

Бұл жерде өңтіме экспорт кезінде осындай өнім бойынша есепке жатқызылатын ҚҚС сомасын 80%-ға азайтуды көздейтін Салық кодексінің 484-бабының нормасы туралы болып отыр. Жобалық кеңсе отырысының қорытындысы бойынша, ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттаушылар үшін есепке жатқызылатын ҚҚС сомасын түзету қолданылмайды деген шешім қабылданды. Яғни Салық кодексінің 484-бабының осы нормасы жойылады. ҚҚС-ты қайтаруға қойылатын талаптардың негізділігі «пирамида әдісі» деп аталатын салықтық тексерумен раста-

лады. Бұл тауар қозғалысының және салық төлеудің бүкіл тізбегін – ауыл шаруашылығы өндірушісінен экспорттаушыға дейін бақылауға мүмкіндік береді. Мұндай тексерудің оң нәтижелері болған жағдайда экспорттаушы бұрын төленген ҚҚС-ты толық көлемде қайтара алады.

Бұл ұсыныс Салық кодексіне түзетулердің жалпы пакетіне енгізіліп, Құрылтайдың қарауына жіберілетін болады. Ол қабылданған жағдайда аталған өзгерістер жаңа Салық кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап ретроспективті түрде қолданылмақ.

ТҮЙТКІЛ

20 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Елімізде халықтың басындағы несие көлемінің тым артып кеткені жиі айтылады. Сол қыспақтан шығудың жолы деп билік жаңа несие беру тәртібін заңмен қатаңдатып жіберді. Тек қара халықты тәртіпке салуға келгенде тайсалмайтын Үкімет өз тәртібін түзеуде тайсақтап отыр. Онсыз да сыртқа 17 млрд доллар қарыздар болып отырғанда екі бірдей банктен тағы несие алмақшы. Бұл – ешқандай квазимемлекеттік секторды қоспағандағы, таза Үкіметтің сыртқы қарызы. Бір қызығы, Мәжілістің өткен аптадағы отырысында «бір қарызды екінші қарызбен жауып жатыр» деген сөз айтылып қалды. Неге мұндай күйге түстік? Осы біздің халық тұрмақ, Үкіметтің өзі несиеге белшесінен батып кеткен жоқ па?

А Ербол ТҰРЫМБЕТ

Айтып отырған екі қаржы институты – Халықаралық қайта құру және даму банкі мен Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі. Біріншісінен алатын несие – 600 млн доллар. Екіншісінен 62,3 млрд жапон иені несиеге беріледі, ол шамамен 400 млн доллар. Екі несие де 11 жыл мерзімге берілген. Жалпы көлемі 1 млрд доллар Қаржы министрі Мәди Такиевтің айтуынша, бюджет тапшылығын қаржыландыруға жұмсалады.

2026 жылғы бюджет шығыстары – 27 трлн теңге. Бюджеттің өз табысы 19,3 трлн теңге болған. Осыдан қалыптасқан жыртықты жамау үшін Ұлттық қордан келетін 2,8 трлн теңге кепілді трансферт бар. Содан қалатын бюджет тапшылығы қазір 4,6 трлн теңге. Оған осы 490 млрд теңге қосылады. Сосын халықаралық нарықта 1-1,5 млрд доллар көлемінде еурооблигациялар шығару көзделген. Қалғанын жыл бойы тағы түрлі қарыз алып, жыртықты осындай әдіспен жаппақшы.

КӨРШІЛЕР АРАСЫНДА ҚАРЫЗ АЛУДАН ҮЗДІКПІЗ

Бюджет тапшылығын жою әлбетте, Үкіметтің ең маңызды жұмысы. Бірақ оны қарызбен толтыра беру қаншалықты тиімді? Сыртқы қарызға қатысты түрлі статистика осындай күмәнді сұрақ тудырмай қоймайды. Мәселен, ТМД Статистика комитеті мен Еуразиялық экономикалық комиссияның мәліметтері бойынша, Орталық Азия елдерінің (оның ішінде Түрікменстан жок) сыртқы қарызы соңғы бес жылда 34,9%-ға өскен. Өткен жылдың қорытындысында Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстанның жиынтық сыртқы берешегі шамамен 290,8 млрд долларды құраған. Бұл мәліметті ranking.kz сараптама сайты берді.

Енді қызығы, осы қомақты қарыздың ішінде орасан үлесін – 62,5%-ын Қазақстан алып тұр. Егер 2020-2023 жылдары қарызымыз 161,1-164,7 млрд доллар аралығында өзгеріп отырса, былтыр 181,8 млрд долларға бір-ақ жетіпті. Алдыңғы жылдары өсім 0,1%-2,8% шамасында болып жүрсе, былтыр бірден 10,4%-ға

артқан. Мұндай қарқын көршілерімізде байқалмайды. Дегенмен осы миллиардтардың ішінде меморгандарының үлесі – небәрі 8,8% екен. Бірақ бұл да жұбаныш емес. Өйткені былтыр 12,8 млрд доллар болып тұрған қарызды бір жылда 16 млрд долларға дейін өсіріп жіберіппіз.

Ақыры бюджет жыртығын жамаймыз деп қарызданған екен, ендеше республикалық бюджет салаларды қаржылан-

дыруға қабілетті болып тұрса, қанекей?! Өкінішке қарай, жағдай бәрібір кері кетіп тұр. Бұл жайындағы Мәжіліс депутаты Айдарбек Қожаназаровтың мәлімдемесіне қарайық. Үкімет жариялаған ЖІӨ-нің 6,5%-дық өсімі құр қағаз жүзінде болып отыр. Жұрттың табысы тек тіршілігі мен несиелерін төлеуге жұмсалып келеді.

Осыларды айтқан депутат мына бір жөнсіздіктерге наразылық білдіреді. Былтыр Үкімет депутаттармен келіспей, бюджетті 8 рет түзеткен. Стратегия-



Еллар ҚАБА (қолжазба)

НЕСИЕНІҢ КЕБІН КИГЕН ХАЛЫҚ ПА, ҮКІМЕТ ПЕ?

Үкімет экспорттаушыларға қайтарылуға тиіс қосылған құн салығын тоқтатып қойған. Бұл дегеніңіз – кәсіпорындардың қаражат айналымында жүруге тиіс 898 млрд теңге Үкіметтің өз қалтасында қалды деген сөз. Бұдан бөлек, 2025 жылғы бюджет тапшылығын жабу үшін Мемлекеттік кірістер комитеті 2026 жылға тиесілі 154 млрд теңге салықты алдын ала жинап алған. Оның арты бизнес өкілдері жаппай сотқа жүгінуге әкеліп, мемлекет әрбір екінші істе ұтылып жатыр. Салық төлеушілердің

бюджет тапшылығы анау-мынау емес, бірнеше триллион теңгеге жетіп жатқанда бұл да түсінуге болатын жағдайға ұқсайды. Әйтсе де, Мәжіліс депутаты Ерлан Стамбековтің сөзі тағы ойландырмай қоймайды. Депутаттың сөзінше, мемлекет азаматтардан қаржылық тәртіпті талап ете отырып, өзі қарыз жүктемесін арттыруды жалғастырып отыр. Сөйтіп, берешекті арттырып, бұрынғы қарыздарын қайта қаржыландыруға көп шығындылып жатқанына налиды.

Депутаттың айтуынша, бүгінде банктер қарыз алушылардың төлем қабілеті мен борыштық жүктемесін бағаламай несие бере алмайды. Ендеше дәл осындай тәртіп мемлекеттік қаржыға да қолданылуға тиіс деп санайды. Әсіресе, 2025 жылы тартылған қаражаттың жартысынан көбі, яғни 8,2 трлн теңгенің 51%-ы экономиканы дамытуға емес, бұрыннан бар қарыздарды өтеуге жұмсалған атап өтті.

Әйтсе де, Қаржы министрі қазіргі мемлекеттік қарыз деңгейі әзірге қауіпсіз шекте екенін тағы қайталады. Оның сөзіне қарағанда, жыл басындағы жағдай бойынша Қазақстанның мемлекеттік қарызы 36,4 трлн теңгені немесе ЖІӨ-нің 22,8%-ын құраған. Қазір ол 36,6 трлн теңгеге дейін өскен. Бірақ экономика 6,5% өскендіктен, қарыздың қатынасы 20%-ға дейін түскен. Ал біздегі бекітілген талап бойынша мемлекеттік қарызды 32%-дан асырмау керек.

Ал тікелей мемлекеттік қарызға келсек, ол – 17 млрд доллар. Ол ЖІӨ-нің шамамен 4,5%-ына тең. Такиевтің айтуынша, бұл көрші елдердің көбімен салыстырғанда әлдеқайда төмен.

КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ӨЗ «КЕСЕЛІ» БАР

Экономист Сапарбай Жобаевтың пікірінше, дамыған елдердің кейбірінде мемлекеттік қарыз ЖІӨ-нен де өсіп кетіп жатады. Мысалы, Британия, Жапония, АҚШ-тарда ЖІӨ-ге жақын. Біздегі бюджеттің мойнына түсетін 17 млрд доллар өте аз. Ал жалпы қарыз саналатын 182 млрд доллардан қорқудың қажет жоқ. Мысалы, мұнай шығарылып жатқан «Қашағандағы» Солтүстік Каспий корпорациясына 7-8 мемлекеттік инвесторлары жиналған. Солар Нидерланды банкінен 40 млрд доллардан артық қарыз алды. Енді оны төлейтін – «Қашағанның» өзі. Егер қарызынан құтыла алмай жатса, оған Қазақстан бір тиын да төлемейді, яғни еш кепілдік бермеген.

Сол сияқты Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік компаниялар шын мәнінде өз банктерінен өздері қарыз алады. Тек Қазақстанда заңды тұлға ретінде тіркелген соң біздегі мемлекеттік қарызға қосып есептеле береді. Сөйтіп, әлгі 182 млрд доллардың шамамен 120 млрд-ы осындай компаниялардың еншісінде. Одан бөлек, тағы 40 млрд-тай банктердің қарызы бар. Оған да банктердің өздері жауап береді.

«Ал Үкіметтің 17 млрд долларына келсек, Қазақстан үшін бұл да қомақты қаражат. Соны жауып отыруға жыл сайын менің білуімше, 1,5 трлн теңге кетеді. Дамушы мемлекет үшін бұл көп. Дамыған елдер үшін қорқынышты емес. Себебі олар өте тиімді пайдаланады. Ғарышты игеруге, жаңа технологияларға, сол сияқты тиімді жобаларға жаратып, одан да көп пайда табады», – дейді ол.

Экономист тағы екі жайтты ерекшелеп айтады. Біріншіден, біздегі жемқорлық мәселесі де жағдайды ұшықтырып тұр. Transparency International рейтингінде Қазақстан 96-орында. Жалпы 80-орыннан әрі қарай жемқор елдер санатына кіреді десек, біздің жағдай мәз емес. Ақырында қарызға алған қаражаттың біразы сол коррупционерлердің қалтасына кетеді. Мұнда қарызға алған ақшаның дұрыс жұмсалуды қатаң бақылау керек. Бұл орайда Жоғары аудиторлық палатаның дүркін-дүркін беріп жатқан есебін құптайтынын айтады.

Екіншіден, «Самұрық Қазына» ҰК-ға қарасты квазимемлекеттік алпауыт компаниялар өз жанынан 500-ге жақын серіктес компания ашып алған. Соның бәрі бюджеттен қаржыландырылады. ЖАП та сол себепті елде жүздеген компанияны жабу қажет екенін туралы бекер айтып жүрген жоқ.

2026 жылғы бюджет шығыстары – 27 трлн теңге. Бюджеттің өз табысы 19,3 трлн теңге болған. Осыдан қалыптасқан жыртықты жамау үшін Ұлттық қордан келетін 2,8 трлн теңге кепілді трансферт бар. Содан қалатын бюджет тапшылығы қазір 4,6 трлн теңге.

лық бағдарламалардан қаражат алынған. Соның ішінде әлеуметтік қорғау мен денсаулық сақтау салаларынан 125 млрд теңге қысқартылған. Сонымен қатар 75 млрд теңге көлеміндегі 99 инвестициялық жоба тоқтатылған. Демек, неше мәрте сағаттап отырып талқыланған парламенттік тыңдаулар, депутаттар мен қоғамның орасан еңбегі зая кетті деген сөз.

Әсіресе, салық саясатына ерекше назар аудартқысы келеді.

пайдасына шығарылған сот шешімдерінің үлесі 52,6%-ға дейін өскен.

ЭКОНОМИКАҒА ДЕП АЛЫП, НЕСИЕГЕ ЖҰМСАЙМЫЗ

Егер халықаралық қаржы ұйымдарынан осыған дейінгі алынған қаражат экономиканы қаржыландыруға жұмсалып жатса, нәтижесі қайда? Мемлекет неге кәсіпкерлердің қалтасына қол сұғады? Бір жағынан,

НАРЫҚ

20 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Бүгінде ғаламтордағы жаңалықтар лентасынан экономикаға қатысты жағымды көрсеткіштер жиі жарқ етеді. Экономика өсуде, өндіріс көлемі артуда, жаңа кәсіпорындар іске қосылып, еңбек нарығындағы жағдай тұрақты деп бағалануда. Алайда бұл деректер күнделікті өмірмен әрдайым қабыса бермейді. Өйткені дүкен сөресіндегі бағаға, коммуналдық төлемдерге немесе баспана құнына қараған адамның көкейінде «Экономика өркендеп жатса, неге тұрмысымыз түзелгенін сезінбейміз?» деген сұрақ туындайды.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Бұл мәселе тек Қазақстанға тән емес. Әлемнің көптеген елінде экономикалық өсім мен халықтың тұрмыс сапасы арасындағы алшақтық — қызу талқыланатын тақырып. Тіпті, қарқынды дамып жатқан мемлекеттердің өзінде азаматтардың едәуір бөлігі қаржылық қысымның күшейгенін айтып келеді. Сарапшылар мұны макроэкономикалық көрсеткіштер мен нақты өмірдегі жағдайдың әрдайым сәйкес келе бермейтінімен түсіндіреді.

Шын мәнінде, көпшілік үшін экономиканың ахуалы жалпы ішкі өнімнің көлемімен емес, күнделікті тұрмыстағы мүмкіндіктермен өлшенеді. Баспана қолжетімді болды ма? Баланың білім алуына қаражат жете ме? Ай соңына дейін алған жалақысын жеткізе ала ма? Азаматтар экономикадағы өзгерісті дәл осы сұрақтарға жауап арқылы бағалайды.

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

Француз экономисі Томас Пикетти ұзақ жылдар бойы әлем елдеріндегі табыс пен байлықтың бөлінуін зерттеп келеді. Ол өзінің «XXI ғасырдағы капитал» атты кітабында экономикалық өсімнің өзі емес, сол өсімнің нәтижесі кімнің қолына тиетіні маңызды екенін жазады. Ғалымның зерттеулері соңғы онжылдықтарда жинақталған байлықтың қомақты бөлігі қоғамның шағын тобының иелігінде шоғырланғанын көрсетеді. Яғни экономика көлемі ұлғайған сайын бүкіл халықтың бірдей байып кетуі міндетті емес.

Мұны қарапайым мысал арқылы түсіндіруге болады. Айталық, елде ірі өндіріс орны ашылды. Өнім көлемі көбейді, экспорт артты, соның нәтижесінде жалпы ішкі өнім де жоғарылады. Бірақ егер жаңа табыстың негізгі бөлігі инвесторлар мен кәсіп иелерінің арасында қалса, қарапайым азаматтың өмірінде айтарлықтай



БАҒАНЫҢ БІЗ БІЛМЕЙТІН СЫРҒЫ БАР

өзгеріс болмауы мүмкін. Мұндай жағдайда статистика өсімді көрсеткенмен, тұрғындардың тұрмыс деңгейі бұрынғы қалпында қалады.

Осы мәселеге қатысты көзқарасын жиі білдіретін экономистердің бірі — Джозеф Стиглиц. Оның пікірінше, экономиканың қаншалықты өскенінен гөрі сол өсімнің қоғам ішінде қалай бөлінгені әлдеқайда маңызды. Егер табыстың басым бөлігі жоғары кірісті топтардың үлесіне тиіп, ал халықтың негізгі бөлігі қымбатшылықпен бетпе-бет келсе, ресми статистикаға деген сенім әлсірейді.

Соңғы жылдары көптеген отбасының шығынында тұрғын үй, азық-түлік, білім беру мен денсаулық сақтау қызметтеріне жұмсалатын қаражаттың үлесі артты. Жалақы көлемі өссе де, бағаның қымбаттауы бұл өсімнің әсерін сездірмей отыр. Сондықтан адамдар табыстың номиналды көлеміне емес, сол ақшаға қанша тауар мен қызмет сатып алуға болатынына көбірек мән береді.

Бұл құбылыстың түп-тамырына XIX ғасырда-ақ Карл Маркс назар аударған болатын. Ол өндірілген байлық пен оның қоғам ішінде бөлінуі екі бөлек мәселе екенін айтқан. Қазіргі экономика ғылымында бұл ұғым «табыс теңсіздігі» деген атаумен белгілі. Осы тұста тағы бір маңызды сұрақ туындайды: егер экономикадағы өсім әрдайым халықтың тұрмысын жақсартса бермесе, онда бағаның үздіксіз қымбаттауына не әсер етеді? Бұл сұрақтың жауабы көбіне инфляция ұғымымен байланысты.

РЕТТЕУШІНІҢ ӨЗ ЕРКІ ҚАНША «ҚАРЖЫ» ШЫҒАРСА...

Инфляция — белгілі бір уақыт аралығында тауарлар мен қызметтердің жалпы бағасының өсуі. Қарапайым тілмен айтқанда, бүгінгі мың теңгеге сатып алуға болатын заттардың көлемі ертең азаюы мүмкін. Яғни мәселе ақшаның санында емес, оның сатып алу қабілетінде жатыр. Сондықтан экономистер халықтың нақты табысын бағалағанда жалақы көлеміне ғана емес, инфляция деңгейіне де назар аударады.

«Көп адам АҚШ триллиондаған доллар шығарып жатқанын көреді де, «Неге оларда баға бірден шарықтап кетпейді?» деген сұрақ қояды. Ал Қазақстанда ақша көп басып шығарылса, инфляция күшейеді деген пікір кең таралған. Шын мәнінде, айырмашылық ақша шығаратын станокта емес, сол валютаға деген сұраныста жатыр. Ақшаның құны оны қанша шығарғаныңызбен емес, оны қанша адам пайдаланғысы келетінімен анықталады. Сондықтан инфляцияны түсіну үшін алдымен валютаның экономикадағы орнын түсіну қажет», — дейді сарапшы.

Қаржыгердің айтуынша, бұл құбылысты қарапайым мысал арқылы түсіндіруге болады. Оның пікірінше, ақша белгілі бір деңгейде билеттерге ұқсайды. Егер сол билеттерге сұраныс жоғары болса, олардың құны сақталады. Ал сұраныс азайған жағдайда олардың бағасы да төмендейді.

«Елестетіп көріңіз, сіз үлкен концерт ұйымдастырдыңыз. Егер оған бүкіл қала келгісі келсе, қан-

ша билет шығарсаңыз да, сатып алушы табылады. Бірақ концертке қызығушылық танытатын адам аз болса, билет көбейген сайын оның құны төмендей береді. Валюта да дәл осындай қағидамен жұмыс істейді. Егер ақшаға сұраныс жоғары болса, оның құны сақталады. Ал сұраныс жеткіліксіз болған кезде артық ақша инфляцияға айналады», — дейді Жәңгір Бектемісов.

Сарапшының сөзінше, доллардың ерекше мәртебесі де дәл осы сұраныспен байланысты. Бүгінде халықаралық сауданың басым бөлігі доллармен жүргізіледі. Көптеген мемлекеттің орталық банктері резервтерін де осы валютада сақтайды. Сондықтан АҚШ экономикасына шығарылған жана долларлардың едәуір бөлігі әлемдік нарықтарға таралып кетеді.

«Мұнай саудасы, халықаралық келісімшарттар, орталық банктердің резервтері — мұның бәрі доллармен есептеледі. Сондықтан Америка шығарған жаңа ақшаның айтарлықтай бөлігі өзге елдердің экономикасына кетеді. Басқаша айтқанда, әлем долларды өз еркімен ұстап отыр. Сол себепті АҚШ-та ақша массасының өсуі ішкі нарықтағы бағаларға бірден қысым түсірмейді. Бұл артықшылық кез келген мемлекетке беріле бермейді», — дейді қаржыгер.

Экономистің пікірінше, Қазақстан жағдайы мүлде басқа. Өйткені теңгені айналым аумағы негізінен ел ішіндегі нарықпен шектеледі. Қазақстаннан тыс жерде теңгеге сұраныс өте төмен. Сондықтан экономикаға қосымша ақша түскен кезде оның әсері ішкі нарықта әлдеқайда жылдам сезіледі.

«Теңге әлемдік резервтік валюта емес. Оны шетелдік орталық банктер қор ретінде ұстамайды, халықаралық сауданың негізгі бөлігі де теңгемен жүргізілмейді. Сондықтан Ұлттық банк шығарған қосымша ақша ел ішінде қалады. Ал тауар көлемі бұрынғы деңгейде болса, нарықтағы артық ақша бағалардың өсуіне алып келеді. Яғни мәселе ақшаның өзінде емес, ақша көлемі мен тауар көлемінің арақатынасында», — дейді ол.

Жәңгір Бектемісовтің айтуынша, Қазақстандағы инфляцияға импортқа тәуелділік те айтарлықтай әсер етеді. Себебі елде тұтынылатын көптеген тауар сырттан әкелінеді. Мұндай жағдайда ұлттық валютаның әлсіреуі бағаның өсуіне тікелей ықпал етеді.

ТҰРМЫСЫ ТЕНГЕРІМДІ ЕЛДІҢ ТЕНГЕСІ ТҰРАҚТЫ

«Біз күнделікті пайдаланатын көптеген тауар шетелден келеді. Импорттаушылар тауар сатып алу үшін теңгені долларға немесе басқа валютаға айырбастайды. Егер нарықта теңге көбейсе, шетел валютасына сұраныс артады. Нәтижесінде доллар қымбаттайды. Ал доллар қымбаттаған сайын сырттан келетін өнімдердің бағасы да өседі. Сондықтан инфляция кейде ақша массасының өсуінен

ғана емес, валюта бағамы арқылы да күшейеді», — дейді сарапшы.

Қаржыгердің пайымдауынша, инфляцияны тек бағаның өсуі ретінде қарастыру жеткіліксіз. Оның артында ұлттық валютаның тұрақтылығы, халықаралық нарықтардағы жағдай және ел экономикасының құрылымы сияқты көптеген фактор тұр.

«Инфляция — бұл дүкендегі бағаның өзгеруі ғана емес. Ол экономиканың қаншалықты теңгерімді дамып жатқанын көрсететін көрсеткіштердің бірі. Егер ақша көлемі өндірістен жылдам өссе немесе экономика импортқа шамадан тыс тәуелді болса, инфляциялық қысым күшейеді. Сондықтан мәселені тек ақша басып шығарумен түсіндіру дұрыс емес. Инфляция — экономиканың көптеген саласы өзара әсер ететін күрделі құбылыс», — деп түйіндейді Жәңгір Бектемісов.

Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов те өзінің Сенаттағы баяндамасында инфляцияны Қазақстан экономикасының алдындағы негізгі сын-қатерлердің бірі екенін атап өткен еді. Оның айтуынша, 2024 жылдың қыркүйегінде инфляция деңгейі шамамен 13 пайызға жақындаса, 2025 жылдың мамырында бұл көрсеткіш 10,4 пайызға дейін төмендеген. Дегенмен Ұлттық банк жылдың қорытындысы бойынша инфляция 9-11 пайыз аралығында қалыптасады деп болжап отыр.

2025 жылы Қазақстан экономикасы 6,5 пайызға өсті. Алтынвалюта резервтері 65,4 миллиард долларға жетті, Ұлттық қор активтері 63,9 миллиард долларға дейін ұлғайды. Зейнетақы активтері 25,1 триллион теңгеге жетіп, банк секторының активтері 70,8 триллион теңгені құрады.

Дегенмен бұл деректер экономикалық өсім мен халықтың әлауқаты әрдайым бірдей қарқынмен өзгермейтінін көрсетіп отыр. Мәселен, экономика 6,5 пайызға өссе де, инфляция 10 пайыздан жоғары деңгейде сақталса, азаматтардың едәуір бөлігі тұрмысындағы оң өзгерісті толық сезіне алмауы мүмкін.

Тимур Сүлейменовтің баяндамасындағы тағы бір маңызды жайт — әлемдік инфляциялық қысымның әлі де сақталуы. Халықаралық валюта қоры биылғы жылы әлемдік инфляция деңгейі 4,4 пайыз болады деп болжап отыр. Сонымен қатар жаһандық экономиканың өсу қарқыны 3,1 пайызға дейін баяулауы мүмкін. Бұл сыртқы факторлардың Қазақстан экономикасына да әсер ететінін көрсетеді. Өйткені бүгінгі әлемде энергия ресурстарының бағасы, логистикалық шығындар немесе халықаралық саудадағы өзгерістер ішкі нарықтағы бағаға тікелей ықпал етеді.

Сондықтан инфляция тек экономистер талқылайтын абстракттілі көрсеткіш емес. Ол әр отбасының бюджетіне, жинақ жасау мүмкіндігіне, тұрғын үй сатып алу жоспарына және жалпы өмір сапасына әсер етеді. Ұлттық банк инфляцияны бір таңбалы деңгейге түсіруді басты мақсат ретінде белгілеп отыр. Себебі баға тұрақтылығы болмаса, экономикалық өсімнің нәтижесін халық толық сезіне алмайды.

КӨКЕЙКЕСТІ

20 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІНІҢ»

Президент тапсырмасымен елімізде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жобаның негізгі мақсаты – әрбір баланы тұрғылықты жері мен әлеуметтік жағдайына қарамастан сапалы әрі қолжетімді біліммен қамтамасыз ету.

А Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Қазақстанда соңғы үш жылда жоба аясында 217 мектеп салынып, 2024 жылы 105 мектеп, 2025 жылы 112 мектеп пайдалануға берілді. Нәтижесінде 52 үш ауысымды және 12 апатты мектеп мәселесі шешіліп, 100-ден астам мектептегі оқушы орындарының тапшылығы жойылды. Халықаралық стандарттарға сай жасақталған жаңа форматтағы мектептерде ресми ақпарат бойынша, үш жылдың ішінде 460 мың оқушы білім алып жатыр.

Оқу-ағарту вице-министрі Шынар Ақпарованың айтуынша, «Келешек мектептері» адами капиталды дамытуға салынған ұзақмерзімді инвестиция болып саналады.

– Барлық мектеп орналасқан жеріне қарамастан шалғай елді мекендерде, қалалық жерлерде де бірыңғай стандарт бойынша салынды. Мәселен, мектептердің 40%-ы ауылдық жерлерде орналасқан. Бұл қалалық және ауылдық мектептер арасындағы инфрақұрылымдық алшақтықты едәуір азайтты, – деді вице-министр.

Алайда «Келешек мектептері» ұлттық жобасы туралы айтқанда, оның ауыл мектептері мен қала мектептері арасындағы инфрақұрылымдық алшақтықты жою мақсатын ғана емес, білім берудің жаңа моделін қалыптастырудағы рөліне де көбірек мән берген жөн.

Бүгінде Қазақстанда 8 мыңнан астам мектеп жұмыс істейді. Оның басым бөлігі – ауылдық білім ошақтары. Сондықтан еліміздегі білім беру саясатының тиімділігі көбіне ауыл мектептерінің жағдайы мен сапасына тікелей байланысты. Мәселен, халықаралық PISA-2022 бағдарламасының нәтижесі бойынша, 81 елдің ішінде Қазақстан математикадан – 46, оқу сауаттылығынан – 61, жаратылыстанудан 49-орында тұр. Сарапшылардың пікірінше, PISA нәтижелеріне оқушылардың функционалдық сауаттылығының жеткіліксіз дамуы, қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасының алшақтығы, мұғалімдерге түсетін әкімшілік жүктеме-

КЕЛЕШЕГІ ҚАНДАЙ?



нің көптігі, сондай-ақ оқыту әдістемелерінің заманауи талаптарға толық сәйкес келмеуі әсер еткен. Сонымен қатар мамандар, оқушылардың алған білімін өмірлік жағдайда қолдану дағдылары әлі де жеткілікті деңгейде қалыптаспаған және білім беру жүйесіндегі реформалардың ұдайы өзгеруі әрдайым білім сапасының артуына тікелей әсер ете бермейді дейді. Өйткені халықаралық зерттеулердегі жоғары көрсеткіштер ең алдымен білім беру жүйесінің тұрақтылығына және білімге бөлінетін қаржының нақты бағытта тиімді жұмсалыуына байланысты. Мәселен, 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджеттен білім және ғылым саласына – 902 млрд теңге жоспарланып отыр. Заң талаптарына сәйкес, бұл қаражат білім берудің сапасын арттыру, дарынды жастарды қолдау және ғылыми орталықтарды дамыту бойынша барлық басымдықты қамтуы тиіс. Салыстырар болсақ, Халықаралық OECD ұйымының талабы бойынша, мемлекеттегі ЖІӨ-нің 6 пайызы білімге жұмсалыуы керек. Қазақстанда білім беруге жұмсалатын шығындар ЖІӨ-нің 3,5 пайызын құраса, бұл көрсеткіш Норвегияда – 8 пайыз, Швецияда 7,7 пайыз деңгейінде. Ал Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдерінде білім беруге бөлінетін қаржының орташа көлемі ЖІӨ-нің 4,9 пайызына тен. Оның үстіне, аталған елдерде білім беру шығындарының басым бөлігі, яғни 69 пайызы бастауыш және орта білім беру деңгейіне бағытталады.

Бұл тәжірибе сапалы білім беру жүйесін қалыптастыру үшін қаржы көлемі ғана емес, оның тиімді әрі мақсатты жұмсалыуы маңызды екенін көрсетеді. Мамандардың пікірінше, білімге жұмсалған инвестиция – елдің ұзақмерзімді дамуына салынған капитал. Сондықтан білім саласына бөлінетін қаржының көлемін ұлғайтумен қатар, оның нәти-

желілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету де күн тәртібіндегі маңызды мәселе күйінде қалып отыр.

– Мысалы, елімізде балалардың 1 пайызы БИЛ, НЗМ мен РФММ, жекеменшік және халықаралық мектептерде оқыса, 99 бала кәдімгі орта мектепте оқиды. Білім сапасы жоғары елдер біздегідей 1 пайыз ғана емес, 100 пайыз сапалы біліммен қамтуға тырысады. Олар білім саласын қаржыландыруды сапалы қолға алған, қомақты қаржы жұмсайды. Сондай-ақ ол елдерде инфрақұрылымды жақсарту және мамандардың барлығына білім мазмұнын күшейтуге жағдай жа-

ең алдымен адами капиталды дамыту мен саланың ашықтығын қамтамасыз ету қажет деп санайтынын білдіреді.

БІЛІМДІ ҰЛТ: ТЕХНОЛОГИЯ МЕН АДАМ КАПИТАЛЫНЫҢ ҮЙЛЕСІМІ

Дегенмен соңғы жылдары білім беру жүйесін балабақшадан бастап жоғары оқу орнына дейінгі барлық деңгейді қамтитын біртұтас экокөйе ретінде дамытуға басымдық беріліп келеді. Бұл тәсіл білім беру сатылары арасындағы сабақтастықты күшейтіп, әр баланың сапалы білім алуына тең мүмкіндік жасауға бағытталған.



Бүгінде Қазақстанда 8 мыңнан астам мектеп жұмыс істейді. Оның басым бөлігі – ауылдық білім ошақтары. Сондықтан еліміздегі білім беру саясатының тиімділігі көбіне ауыл мектептерінің жағдайы мен сапасына тікелей байланысты.

сау мәселесі жүйелі, параллель түрде жүріп отырады, – дейді кәсіпкер ұстаз, мектеп мәселелері жөніндегі тәуелсіз сарапшы Нұрмұхаммед Досыбаев.

Айталық, биыл мамыр айында DEMOSCOPE қоғамдық пікірге жедел мониторинг жүргізу бюросы өткізген «Қазақстандағы білім беру сапасына қоғамның көзқарасы» атты сауалнама нәтижелері де осыны аңғартады. Зерттеуге қатысқан респонденттердің 31,5 пайызы орта білімнің дамуына кедергі келтіретін басты фактор ретінде жемқорлықты атаса, 30,8 пайызы мұғалімдердің біліктілік деңгейінің жеткіліксіздігін көрсеткен. Бұл көрсеткіштер қоғамның білім сапасын арттыру үшін

Сонымен қатар бүгінде ел болашағының сапасы баланың қай жерде білім алғанына емес, қандай білім мен тәрбие алғанына байланысты болуы тиіс деген ұстаным басты бағдар саналады. Мамандардың пікірінше, қазақстандық білім жүйесі жаһандық еңбек нарығының сұранысына бейімделіп, оқушылар мен студенттерді болашақтың мамандықтарына даярлауға басымдық беруі қажет. Бұл ретте басты мақсат – білім алушыларды дайын ақпаратты жаттауға емес, өзгермелі ортаға бейімделуге, жаңа білімді өздігінен меңгеруге және оны тәжірибеде қолдануға үйрету.

Мәжіліс депутаты Олжас Құс-пеков білім шынайы әлеуметтік

лифтіге айналуы үшін Конституцияда білгіленген талаптарға сай жүйелі әрі кешенді заңнамалық және институционалдық тетік қалыптастыру керек дейді.

– Жаңартылған Конституцияда әр азаматтың сапалы білім алуға құқығының ерекше бекітілуі – мемлекеттің даму бағытын айқындайтын маңызды қадам. Бұл нормаларды іс жүзінде жүзеге асыру үшін ең алдымен жүйелі әрі кешенді заңнамалық және институционалдық тетік қажет.

Біріншіден, білім беру саласын реттейтін заңдар Конституциядағы жаңа қағидаттарға толық сәйкестендірілуі тиіс. Яғни, тегін орта білімге кепілдік қана емес, оның сапасы, қолжетімділігі және тең мүмкіндіктері нақты стандарттар арқылы қамтамасыз етілуі қажет.

Екіншіден, педагогтердің мәртебесін арттыруға бағытталған нормалар нақты әлеуметтік кепілдіктермен бекітілуі маңызды. Бұл – жалақы, кәсіби даму, жүктеме мен еңбек жағдайын жақсарту сияқты мәселелерді қамтиды.

Үшіншіден, институционалдық тұрғыда білім сапасын бағалайтын тәуелсіз жүйелерді күшейту, цифрлық мониторинг пен ашықтықты қамтамасыз ету қажет. Бұл білім беру саясатының тиімділігін арттырады.

Төртіншіден, ғылым мен инновацияны қолдау тетіктері күшейтіліп, университеттер мен зерттеу орталықтарының дербестігі кеңейтілуі тиіс. Бұл білімді экономикаға тікелей интеграциялауға мүмкіндік береді. Сонда ғана білім шынайы әлеуметтік лифтке айналып, елдің бәсекеге қабілетті болашағына жол ашады, – деді депутат.

Мемлекет басшысы Digital Qazaqstan жалпыұлттық стратегиясын қабылдай отырып, үш жыл ішінде елімізді толыққанды цифрлық елге айналдыру міндетін қойды. Бұл тұрғыда білім берудің болашағын тек технологияны жаңғырту арқылы емес, адам капиталының сапасы арқылы бағалайтын экокөйені қалыптастыру маңызды. Соған сәйкес, бүгінгі күні «Келешек мектептері» ұлттық жобасы заманауи білім беру технологияларын енгізудің пилоттық алаңына айналып келеді. Бірқатар білім ордасында оқу процесіне жасанды интеллект элементтері енгізіліп, цифрлық платформалар мен деректерге негізделген оқыту тәсілдері сынақтан өткізілуде.

Алайда мамандар мектептерге жаңа технологияларды енгізуде «не енгіземіз?» деген сұрақтан бұрын «оны қалай тиімді қолданамыз?» деген мәселе басты назарда болуға тиіс дейді. Сондықтан «Келешек мектептері» ұлттық жобасы тек ғимарат пен технология жабдықтау шеңберінде қалып қоймай, білім алушылардың өзгермелі әлемге бейімделуіне жағдай жасап, олардың шығармашылық, зерттеушілік және аналитикалық дағдыларын дамытуға басымдық беруі керек. Сонда ғана технология мен адам капиталының үйлесімі Қазақстанның бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін қалыптастыруға негіз болады.

КӨЗАЙЫМ

20 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ



жұмысын қаржыландырды. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы қазақ тіліндегі мазмұнға деген сұраныстың жүйелі түрде артып келе жатқанын атап өтті.

«Бүгін біз қазақша дубляжды қолдап жүрген тіл жанашырларын арнайы жинадық. Мұндай көрсетілімдердің мақсаты — қазақ тіліндегі сапалы мазмұнға деген қолдауды күшейту және көрермен назарын аудару. Соңғы жылдары қазақ тіліндегі фильмдерге деген қызығушылықтың айтарлықтай артқанын байқап отырмыз. Кинотеатрларға қазақша сеанстарға келетін көрермен көбейді, ата-

ашыла беретін бітпейтін франшизаның жалпы мәтінін аударуға, кастингі және дыбыстау жұмыстарына шамамен бір айға жуық уақыт алыпты.

— Бесінші бөлімінің де сәті келді. Фильмде бүгінгі қоғамдағы басты мәселе көтеріледі. Балалар смартфоннан, планшеттен бас көтермейді. Тіпті, бір-бірімен де сөйлеспейді. Міне, осындай жаһандану, цифрландыру, жаңа гаджеттер дәуірінде онлайн өмірмен әлеуметтік желілер әлі санасы бекімеген, бұғанасы қатпаған балалар үшін қаншалықты кері әсер тудыратыны туралы ойды жақсы қозғайды. Бұл жағдаймен

Қуантатыны сол — соңғы жылдары қазақша дубляждalған фильмдерге деген қызығушылық айтарлықтай артты. Бұл көрерменнің ана тіліндегі сапалы контентке сұранысының көбейгенін көрсетеді. Бүгінде қазақ тілі тек тұрмыстық деңгейде ғана емес, заманауи мәдениет пен цифрлық кеңістікте де өз орнын нық қалыптастырып келеді. Арнайы көрсетілімнен шыққан көрермен Айым Балабек те балалардың қазақ тілінде шығып жатқан анимацияларды көруге ерекше құлшыныс білдіріп жатқанын айтады.

«Бұл мультфильмді баламмен бірге көріп шықтым. Ең алдымен қазақша дубляжы көңілден шықты, балаларға түсінікті, жеңіл әрі табиғи жеткізілген. Бала да қызығып отырып көрді. Маған ұнағаны — ойыншық ойнаған бала ғана шын бақытты болатынын түсіндіруінде. Меніңше, бұл балаларға ғана арналмаған, керісінше ата-ана көруі керек сияқты. Баласының достарымен қандай қарым-қатынаста екенін бақылап отыру керек. Сондықтан «Ойыншықтар хикаясын» кез келген ата-ана еш қымсынбай баласымен бірге көруге тұрарлық туынды деп есептеймін», — дейді көрермен.

«Ойыншықтар хикаясы 5» анимациясын ойнақы кино мен компьютерлік графиканың сапалы симбиозы десек те болады. Өйткені негізгі кейіпкер ойыншықтардан бөлек, эпизодтық рөлдегі үй жануарлары мен қоршаған ортаның басқа да детальдары визуалды шешімнің шынайылығын арттырып, оқиғаға ерекше реңк береді.

Бір кездері ойыншық арқылы достықты, адалдықты, қиялды үйреткен алпауыт компанияның «бітпейтін» туындысы бұл жолы балалардың гаджетке тәуелділігі, шынайы қарым-қатынастың сиреуі, буллинг секілді әлем бойынша өзекті мәселелерге назар аударғандықтан, анимациялық фильм шеберінен шығып отыр. Бұрын бұл мультфильмді бала болып көрген буын бүгінде ата-ана атанды. Сондықтан «Ойыншықтар хикаясы 5» бірнеше буынды байланыстыратын әрі ересек сананы да селт еткізер отбасылық фильм деуге болады. Ал оның қазақ тілінде сөйлеуі — балалардың ана тілінде сапалы әлемдік контент көруіне жол ашатын қуанышты қадам.

ОЙЫНШЫҚ пен ГАДЖЕТ

ТАРТЫСЫ



Алғашқы «Ойыншықтар хикаясы» мультфильмінің көрермені қазір қамал алар қырық жасты еңсерді. Осыдан 31 жыл бұрын аталмыш комедиялық-драма мультфильм тұңғыш рет кейіпкерлерін көрерменіне ұсынса, күні кеше «қартайған» ойыншықтар жаңаша мазмұнда бесінші рет әлем көрерменімен қайтадан қауышты. Disney&Pixar студияларының «Ойыншықтар хикаясы 5» анимациялық фильмі биыл әлемнің 40-тан аса тіліне аударылып, дубляждalған. Соның ішінде қазақ тілі де бар. Елордалық көрерменмен бірге біз де сиквелдің қазақ тіліндегі арнайы көрсетіліміне қатысып, бірнеше буын алмасқан кейіпкерлер оқиғасын тамашалап қайттық.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Астронавт Базз Лайтер, ковбой Вуди мен кайсар Джесси — «Ойыншықтар хикаясы» әлемінің ажырамас кейіпкерлері. Оларсыз бұл мультфильмді елестету мүмкін емес. Қанша уақыт өтсе де «Біз балаларды бақытты етуіміз керек» деген миссиясынан айныған жоқ. Жаңа бөлімнің оқиғасына ойысар алдында бұрынғы маусымдарына қысқаша шолу жасағанды жөн көрдік. Сонау 1995 жылы жарық көрген алғашқы 3D үлгісінде түсірілген «Ойыншықтар хикаясы» бірден талайдың жүрегін жаулады. Сондағы ойыншықтардың иесі Энди есімді сүйкімді бала еді. Энди үшін ең қымбат ойыншық — ковбой Вудидің орнын сол кездегі заманауи ғарышкер Базз Лайтер басып, Вудидің беделіне қауіп төндіреді. Бәсекелестіктен басталған тартыс уақыт өте келе шынайы достыққа ұласып, мультфильмнің басты идеясына айналды. Төрт жылдан кейін шыққан жалғасында Вуди өзін қажетсіз сезіне бастайды. Дәл осы бөлімде көрермен Джесси, Булзай және Алтын іздеуші секілді жаңа кейіпкерлермен танысты. Олар ойыншықтар әлемін бұрынғыдан да байыта түсті. Үшінші бөлімде Энди есейіп, балалық шағымен қоштасады. Ол өзіне ең қымбат ойыншықтарын кішкентай қыз Бонниға табыстайды. Вуди достарынан бөлініп, өз жолын таңдаған еркін ойыншыққа айналып

иесіз қалды. Ал соңғы маусым тікелей қазіргі жағдаймен байланысты. Яғни бұл кезең «ойыншықтар дәуірі бітті» деген түсінікке қарсы шыққан ойыншықтардың шытырманға толы оқиғасы баяндалады. Мультфильмге жаңа кейіпкер Лилипад деген ақылды планшет-трансформер қосылды. Үйге Лилипадтың келгені ойыншықтар әлеміндегі тепеңдікті бұзып, командаға үлкен сынақ әкелмек. Сөйтіп, технология үстемдік құрған әлемде олар өз орнын сақтап қалу жолында талпынады. Ойыншық-қаһармандар гаджеттер баланы ерте есейтетініне алаңдап, смарт-құрылғыларды бүлдіршін өмірінен алшақтатуға тырысады. Сонымен қатар мультфильмде жарамсыз деп танылған 50 шақты ойыншық-неовирусқа қарсы түру секілді қызықты сюжеттік желілер бар. Жаңа бөлім қазіргі өмір салты мен балалардың технологиямен қарым-қатынасын көрсету арқылы маңызды әлеуметтік мәселелерді көтереді.

Фильмдерді түрлі елдің аудиториясына бейімдеп, жергілікті тілдерге дубляждау — Disney компаниясында бұрыннан қалыптасқан тәжірибе. Компания жыл сайын фильмдерінің 40-тан астам тілдегі нұсқасын әзірлейді. Соңғы үш жылда Disney студиясы «Ой-жұмбақ 2», «Моана 2», «Муфаса. Арыстан патша», «Ақшақар», «Лило мен Стич», «Андар шаһары 2» және басқа да туындыларды қоса алғанда, 10-нан астам фильмді қазақ тіліне аударып, дубляж

аналар балаларын қазақ тіліндегі фильмдерге жиі алып келе бастады. Бұл — қазақ тіліндегі контент нарығының қалыптасқанын көрсететін маңызды өзгеріс. Әлемдік студиялардың қазақ тіліндегі дубляжға тұрақты түрде инвестиция салуы да осы сұраныстың нәтижесі деп ойлаймын. Сондықтан қазақ тіліндегі фильмдерді қолдауға шақырамыз», — деді Рауан Кенжеханұлы.

Ұлттық фильмдердің сапасы мен бәсін арттыруды мақсат еткен осындай ауқымды жобаның дубляж режиссері Шах-Мұрат Ордабаевтың айтуынша, мультфильм — баласын гаджет пен цифрлық буллингтен қорғай алмай отырған ата-анаға сабақ. Жаңа қырынан

бала емес, әке-шешесі емес, осы ойыншықтар күреседі. Туындыда балалар арасындағы буллинг мәселесі де назардан тыс қалмаған. Жобаның дубляж құрамына кәсіби мамандар, театр және кино актерлері тартылған. Басты кейіпкерлерді тәжірибелі дубляж шеберлері дыбыстаса, қосалқы рөлдерге де көрерменге жақсы таныс өнер иелерін шақыруға тырыстық. Оның ішінде Асан Мәжит, Әбілмансұр Серіков, Зарина Кәрмен сынды көпшіліктің көзайымына айналған әртістер бар, — дейді ол.

Дубляж режиссерінің айтуынша, фильмдегі басты кейіпкерлерге кастинг үшін түрлі эмоциялық сахнаның видеокескіндері жіберілген. Онда кейіпкердің ашулануы, айқайлауы секілді әртүрлі көңіл күйін дубляж актерлері қазақ тілінде дыбыстап, өз кәбілетін көрсетуге тиіс. Қазақтілді жоба болғандықтан, басты талаптың бірі — тілдің тазалығы мен табиғи әуезін сақтау. Бұдан бөлек, әртістің кәсіби біліктілігімен қатар, төзімділігі де маңызды.

— Дыбыстау процесі кейде 3-4 сағаттан 10 сағатқа дейін созылады. Басты кейіпкерлердің бірі — жас қыз Боннидің дауысын дубляждаған Айзере Беркімбаев үшін бұл үлкен сынақ болды. Ол кейіпкерді қазақ және орыс тілдерінде қатар дыбыстап шықты. Бұл жас актрисаға оңайға соқпаса да, оның қайсарлығы мен еңбекқорлығын айқын көрсетті, — дейді Ш. Ордабаев.



ӨЗЕКТІ

20 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Қазақ сөзді кие тұтқан халық еді. «Сөздің жаны бар» деп, ащы, артық сөзді айтпауға тырысқан. Көркем тілдің құны алтыннан қымбат бағаланғандықтан, ғасырлар бойы ұлтымыз шешен-билерге төрелік айтқызды. Ал бүгінде әлеуметтік желіні мінберге айналдырғандар былапыт сөзді «өтімді контент құралы» еткенін байқауға болады. Бұл не: қоғам талғамының жұтағаны ма, әлде қаралым үшін әдептің ала жібін аттауға дайын жаңа мәдениеттің қалыптасқаны ма? Енді бұл мәселеге мемлекет назар аудармақ.

А Айхан ШӘРІП

БЫЛАПЫТ СӨЗ – НАЗАР АУДАРТУ АЙЛАСЫ

Виртуалды әлемнің ағынымен келген бүгінгі теріс трендтер қазақы талғамның сау-тамтығын қалдырмай, рухани құлдырауға апарып, ұлттың алтын бесігін шайқалтып, келер ұрпаққа кері тәрбие бермек. Бірақ тосқауыл қою үшін әлеуметтік желілерде, әсіресе жастар арасында балағат сөздің «сән мен шынайылықтың жаңа өлшеміне» айналуының себебін түсінген маңызды.

Психолог-практик Жібек Әмірхан бұл кесірлі үдерістің астарында үлкен әлеуметтік-психологиялық манипуляция жатқанын аңғарыпты. Оның пікірінше, кейінгі кезде блогерлердің, былайғы видео түсірушілердің сөгет сөзге шектен тыс еліктеуі – саналы түрде жасалатын эпатаж және назар аударту құралы екен. Сыпайы тілден гөрі былапыт сөзге толы видеолардың өтімді, қаралымды болуы адам психологиясындағы тыйым салынған нәрсеге деген қызығушылықты оятатын көрінеді.

– Әлеуметтік желіде адамның ар-ұжданына тиетін, әдепке, мәдениетке жат, тұрпайы лексика мен ұятсыз сөздердің көбеюі тіпті кездейсоқ құбылыс емес. Психология тұрғысынан алғанда, былапыт сөз эмоцияны күшейтіп, адамның назарын тез аударады. Әрине, онлайн-платформалардың алгоритмдері боктық сөзді өткізбеуге тырысады. Бірақ бұл желінің бәрі – шетелдік, олар қазақтың кай сөзі балағат сөзге жататынын нақты түсіне бермейді. Мұның сыртында алгоритмдер көрерменде қандай да бір сезім, дау-дамай тудырып, шок әсерін беретін контентті белсенді таратады. Сондықтан сөздің нәшін келтіріп, мәнерлі әрі көркем тілде сөйлеген спикерге қарағанда боктық араласқан видео көбірек қаралым жинауы мүмкін, – деді психолог.

Оның пайымдауынша, жаңа «трендтің» тағы бір себебі – әлеуметтік еліктеу. Танымал блогер өзге адамның ар-намысына тиіп, боктап сөйлесе, сол үшін ешқандай жауапкершілікке тартылмаса, онда кейбір жас немесе сыни ойлауы кемшін аудитория мұнысын «батылдык», «крутойлық» деп қабылдайды, «ешкімнен қорықпайды, тірегі бар» деген жалған авторитет елесі қалыптасады.

Ж.Әмірхан тосын бір факторды алға тартты: халықаралық зерттеулер көрсеткендей, қазіргі кезде TikTok-тағы барлық видеонның, Reels бен YouTube Shorts-тардың

52%-ын жасанды интеллект жасайды. Бұл ретте ЖИ-ге боктауға рұқсат етілмейді. Содан қазіргі жастар арасында видеода әдеби, таза тілмен сөйлеу «жасанды» көрініп, тек кейіпкер әлдекімді дәрекі сөзбен «бір сыбап алса» ғана «шынайы» деп қабылданатын қауіпті үрдіс таралып барады. Блогерлер бір жағынан соған сай болуға тырысса керек.

«Бұл құбылыстың зардабы зор. Былапыт сөз бара-бара адамның эмоционалды интеллектісі мен сөздік қорын жұтаңдатып, агрессияны күшейтеді. Әлеуметтік деңгейде қоғамның мәдени құндылық-

ЖАҢА

«ТРЕНД»

ЖҰТАҢДЫҚҚА СОҚТЫРМАСЫН

тары құлдырап, өскелең ұрпақтың тәрбиесі бұзылады. Балағаттаудың экономикалық салдары бар: қоғамдық орында немесе желіде балағат сөз айтқаны үшін ұсақ бұзақылық бабы шеңберінде қомақты айыппұл салынады не әкімшілік қамауға алынады. Оған қоса, беделіне дақ түсірмеу үшін салмақты серіктестер мен брендтер мұндай блогерлермен келісімшарттан бас тартып, табыстан айырады. Сөз еркіндігін мәдениетсіз сөйлеумен шатастырмау керек», – дейді маман.

**ҰРПАК БОЛАШАҒЫНА
ТӨНГЕН ҚАУІП**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дәрекілік, балағаттау және агрессия үйреншікті құбылысқа айналып бара жатқанын және мәдениетті әрі өркениетті қоғамның бейнесіне мүлдем сай келмейтінін бірнеше рет атап өткен болатын. Сөйлеу мәдениеті жай тұрмыстық мәселе емес. Әңгіме қоғамдық мәдениетті, сөз қадірін сақтау, сондай-ақ «Заң мен тәртіптің» үстемдігі туралы. Бұл мәселе конституциялық құндылықтармен тікелей үндеседі. Конституция азаматтардың құқығы мен бостандығын ғана емес, сондай-ақ мәдениеттілік, жауапкершілік пен қоғамдық ынтымақтастық құндылықтарын да бекітеді.

«Адал азамат» тұжырымдамасы да дәл осы іргелі қағидаттарға құрылған: ол айналадағы адамға деген құрмет пен қарым-қатынас мәдениетіне сүйенетін, толысқан, кемел «Толық қоғамды» қалыптастыруды көздейді. Бұл ретте Ата заңның 15-бабына сәйкес, адамның өз құқығы мен бостандығын іске асыруы басқа адамдардың құқығын бұзбауға, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның имандылығына нұқсан келтірмеуге тиіс.

Бұдан бұрын Астанада өткен «трансформациялық тренингтердің» бірінен түсірілген видео қоғамда резонанс тудырғаны мәлім. Онда адамдардың үлкен тобы «психологиялық ашылу практикасы» деген сылтаумен көпшілік алдында боктық сөздерді қарша боратқан. Құзырлы органдардың хабарлауынша, осыдан кейін аталған іс-шараны ұйымдастырушы ұсақ бұзақылық жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылып, бірер мың теңге айыппұл төлеп құтылды.



Әсел БАЛТАҚЫЗЫ (қолжазба)

Мұндай жабық жиындарға қатысу ақысы бірнеше жүз мың теңгеге дейін баратынын ескергенде, ұйымдастырушылар айыппұлды шыбын шаққан құрлы көрмейді. Бұл проблема парламентшілерді де аландатады. Мәжіліс депутаты Нұрсұлтан Байтілесовтің айтуынша, бұл тек бірреттік эпизод емес: әлдеқайда кең ауқымда белең алған.

– Әрине, кәсіби психологиялық практикада, оның өзінде тек жеке, онша жұмыс барысында әрі кейбір жағдайда ғана науқастың санасын селт еткізу үшін өткір сөз тіркестерін қолдануға жол беріледі. Десек те,

Әлеуметтік желіде адамның ар-ұжданына тиетін, әдепке, мәдениетке жат, тұрпайы лексика мен ұятсыз сөздердің көбеюі тіпті кездейсоқ құбылыс емес.

бұқаралық көпшілік іс-шаралардың жөні мүлдем бөлек: жұртшылық алдында коучтар, әртістер, әзілқой стендапшылар, блогерлер және басқасы балағат сөз сөйлесе, оның әсері миллиондаған аудиторияға, соның ішінде балаларға кең таралады. Соның кесірінен іс жүзінде көпшілік алдындағы коммуникацияда әдеп шекараларының шайылуын бақылап отырмыз! Бейәдеп сөздер қалыпты жағдай ретінде қабылдана бастады, – деді депутат.

Ол кейбір танымал адамдар мұндай теріс мінез-құлық үлгісін төл субмәдениетінің элементі ретінде қолдануды әдетке айналдырғанын, мұндай тәжірибе бірте-бірте қоғамдық ортаның сөз мәнерін қалыптастырып жатқанын кынжыла жеткізді.

**ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ – ҚОҒАМНЫҢ
ТЕМІРҚАЗЫҒЫ**

Мәжіліске жолдаған хатында Үкімет басшысы Олжас Бектенов те осы мәселені көтеріп, әлеуметтік кеселге тоспа құру бағытында не

істеліп жатқанын айтып берді. Ол азаматтардың сөйлеу мәдениеті мен әдепті мінез-құлқын қалыптастыру үшін шаралар қабылданынын мәлімдеді.

Премьер-министр бұрын өзгерістер енгізілген Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-бабына сәйкес, қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларды қорлау мақсатында тиісу және айналасындағыларға сыйламаушылық білдіру және басқа да осыған ұқсас әрекеттер енді ұсақ бұзақылық деп танылатынын және әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғатынын түсіндірді.

Атап айтқанда, мұндай мінез-құлық 20 АЕК немесе 2026 жылы 86 500 теңге мөлшерінде айыппұл салуға, не 20-дан 30 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, немесе 5-тен 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға соқтырады.

Бұдан бөлек, биыл «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске онлайн-платформалар және масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленді. Ол ӘҚБтК-нің аталған 434-бабын толықтырады. Сол арқылы онлайн-платформаларда – желіде, мессенджерлерде боктық сөздер айтқаны үшін әкімшілік жауаптылық енгізуді қарастырады. Заң жобасы 2026 жылдың маусым айында заң шығарушы органға енгізіліпті.

Бұдан бөлек, көпшілікке арналған тренингтерді, семинарлар мен лекцияларды ұйымдастырушылардың жауапкершілігі күшейтіліп жатқан көрінеді. 2026

жылдан бастап, кәсіби коучтардың біліктілігіне, құзыреттеріне, біліміне, дағдыларына және әдептік қағидаттарына қойылатын талаптарды белгілейтін №409 «Коучингтік қызмет (кәсіби коучинг)» кәсіби стандарты бекітілді.

Онда коучингтің 9 бағыты бойынша мамандықтар қарточкалары көзделген. Соның ішінде коучтар өз біліктілігін жоғары білімінің болуымен, сертификаттаумен растайды. Заңнамалық деңгейде кәсіби коучингтік қызметті жүзеге асыру құқығын беретін ICF (International Coaching Federation), ACU (Association for Coaching University) сияқты халықаралық сертификаттардың болуы – міндет. Біліктілікті қолдау үшін коуч әр 3 жыл сайын кемінде 40 сағат кәсіби мамандандырылған коучингтік оқудан – үздіксіз кәсіби дамудан өтуге тиіс.

Олжас Бектеновтің мәліметі бойынша, кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде коуч кәсіби қауымдастықтың, федерацияның Коучтардың әдеп кодексінің сақтауға және қызметтердің адалдық, тең құқылық пен кемсітпеушілік қағидаттарына сәйкес көрсетілуіне дербес жауап береді. Әдеп кодексінің бұзғаны белгілі болса, мінез-құлқу дау-жанжал туғыса, ары қарай бұл кәсіппен айналысуына рұқсат етілмеуі мүмкін.

Үкімет қоғамдық орындарда былапыт сөздер қолданудың алдын алуға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына кірісті. БАҚ-та 4 782 ақпараттық материал жарияланды: республикалық телеарналарда – 55; өңірлік телеарналарда – 277; республикалық мерзімді баспасөзде – 42; өңірлік мерзімді баспасөзде – 279; интернет-ресурстарда – 720; әлеуметтік желілерде – 3409 жарияланды.

Өңірлерде жастар саясаты саласындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 200-ден астам әлеуметтік жоба жүзеге асырылып жатыр. Мектептерде, колледждер мен ЖОО-ларда жүйелі тәрбие жұмысы жүргізіледі, онда жастарда кәсіби әдепті қалыптастыруға, мәдени білім алу мен өзін-өзі дамытуға назар аударылады.

Қоғамдық орта мен виртуалды әлемдегі былапыт сөз тасқынына бөгет болу үшін мемлекет заңнаманы қатайтып, қоғамдық орындарда ғана емес, онлайн-платформаларда да балағат сөз қолданғандарды тәртіпке келтірмек. Сондай-ақ «Таза Қазақстан» мен «Адал азамат» тұжырымдамасы аясында білім беру ошақтарында, БАҚ пен желілерде тіл тазалығы мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жүйелі тәрбие жұмыстарын үздіксіз жүргізу керек.

ЭКОСАНА

20 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Елорда төңірегіндегі талай ақын жырына арқау еткен ерке Есілдің жағалауы – тұмса табиғаттың адамзат баласына берген ерекше сыйы. Айнадай жалтырап, күмістей мөлдіреген өзен арнасын қуалай белуардан келетін көк майса шалғын жайқалып, арқыраған арнасында аққу-қазы қиқулап жататын бұл өңір бүгінде ауыр техниканың табанына тапталып, қою қара шаң мен түтінге тұншығып барады. Елорданың айналасындағы агломерациясындағы құм мен қиыршық тасқа деген құрылыс нарығының тойымсыз сұранысы табиғатты ғана емес, заң үстемдігін де сынаққа салғандай. Түйткіл ондаған жыл бойы халықтың ащы базынасын тудырғанымен, еш өзгеріс көрінбейді. Тіпті, күн өткен сайын жағдай күрделеніп, ең бастысы экологиялық ахуалдың ушыға түскені анық байқалады.

А Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ЗАҢДАҒЫ «САҢЫЛАУ» —



ТАБИҒАТҚА ТИГЕН ЗАРДАП

Көзі қарақты қырағы оқырман осыған дейін жазылған мақалалардан құм мен қиыршық тас өндіретін зауыттардың бұл аймақта жыл санап еселеп өсіп кеткенінен хабардар. Салдарынан Елордаға іргелес қоныс тепкен бірнеше аудан шұрық-шұрық карьерлерге айналып шыға келген. Мәселе бұл өңір тұрғындарының күнделікті дертіне айналды десек қателеспейміз. Қираған жолдар, шаңға тұншыққан ауылдар, бүлінген жайылымдар мен табиғи ландшафттардың жойылуы – көзге көрінетін зардаптар ғана. Ал көзге көрінбейтін шығын, өкінішке қарай әлдеқайда ауыр. Бұл орайда мемлекеттік бақылаудың әлсіреуі, заңнамалық шикіліктің салдарынан болатын олқылықтар мен жергілікті биліктің сылбыр әрекеті мен жауапсыздықтың қалыпты құбылысы болып отырғанын атап өткен жөн.

**КАРЬЕР КӨБЕЙДІ,
БАҚЫЛАУ
ЖОҒАЛДЫ**

Жуырда бұл мәселе Ақмола облыстық мәслихатының экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында тағы бір мәрте кеңінен талқыға түскен еді. Облыстық Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асхат Ахмедьяновтың мәліметінше, аймақта кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге 69 лицензия беріліп, 112 бірдей келісімшарт жасалған. Алайда статистиканың арғы жағында табиғатқа аса зор қатер төндіретін алаңдартарлық көрініс жатыр.

Тек былтырдың өзінде ғана жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан 155 заңбұзушылық анықталған. Жеті келісімшарттың күші тоқтатылып, екі лицензия қайтарылып алынған. Соған қарамастан, бүлінген жерлерді қалпына келтіруге қатысты соттарда соңғы екі жыл ішінде 49 іс қаралып жатқаны мәлім болды. Кәсіпкерлердің басым бөлігі табиғатқа келтірген залалды өтеуге еш асығар емес.

Мәселені әріден қозғасақ, түйткілдің туындауына себепкер болған түп-тамыр 2017-2018 жылдары қабылданған заңнамалық өзгерістерге барып тіреледі. Бұрын жер қойнауын пайдалану құқығы конкурс немесе тікелей келіссөздер арқылы беріліп келген. Ал кейін лицензия алу тәртібі жеңілдетілген. Нәтижесінде, лицензия алған кез келген субъект өндірісті бастап кетуге мүмкіндік алған. Сондай-ақ бұдан да маңыз-

дысы – 2017 жылы күшіне енген «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекс мемлекеттік бақылау жүйесінің негізін әлсіретіп жіберген. Бұрын заңсыз өндірудің жолын кесумен айналысқан экологиялық органдардың құзыреті қысқартылған. Бақылау функциялары жергілікті атқарушы органдарға берілгенімен, оны жүзеге асыратын нақты құқықтық және кадрлық тетіктер қарастырылмай қалған. Яғни, заң жүзінде бақылау бар сияқты көрінгенімен, іс жүзінде елдегі жер қойнауын пайдалануды қадағалау жүйесі күйреген.

«Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» дегендей, мемлекеттік бақылау әлсіреген тұсында көлеңкелі бизнес күшейетіні анық. Ақмола облысында кейінгі жылдары заңсыз карьерлер санының күрт артуы соның айқын дәлелі болып отыр. Өткен жылы облыс әкімі Марат Ахметжановтың тапсырмасымен арнайы жұмыс тобы құрылып, заңсыз өндіру фактілері тағы бір мәрте тексерілген-ді. Нәтижесінде, Аршалы, Целиноград және Бурабай аудандарында бірнеше еш құжатсыз әрі заңсыз карьерлер жұмыс істеп келгені анықталған. Алдын ала есеп бойынша, олардың табиғатқа келтірген залалы 200 миллион теңгеден асып жығылған болып шықты.

Мәселен, Целиноград ауданы әкімдігі тағы 11 заңсыз өндіру

фактісі бойынша есеп жүргізіп, шығын көлемін 257 миллион теңге деп бағалаған. Бірақ қоғамды таңғалдырғаны осы фактілер бойынша қозғалған қылмыстық істердің тоқтатылуы болып отыр. Сонда миллиондаған текше метр топырақ қазылып, табиғат бүлінсе де, жауапқа тартылатын ешкім болмағаны ма деген сауал өз-өзінен туындайды. Өкінішке қарай, мәселе дәл осы тұста кілт үзілген. Құмға сіңген судай ізі де қалмай жұрт көзінен жасырын күйде қалған.



Тек былтырдың өзінде ғана жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан 155 заңбұзушылық анықталған. Жеті келісімшарттың күші тоқтатылып, екі лицензия қайтарылып алынған. Соған қарамастан, бүлінген жерлерді қалпына келтіруге қатысты соттарда соңғы екі жыл ішінде 49 іс қаралып жатқаны мәлім болды.

**ҚЫЛЫМСТЫҚ ІС БАР,
БІРАҚ КІНӘЛІ ЖОҚ**

Ақмола облыстық Полиция департаменті анықтау басқармасы бастығының орынбасары Жеңіс Мұқышевтың түсіндіруінше, заң бойынша жер қойнауын заңсыз пайдалану фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау үшін нақты залал көлемі бұлтартпас дәйек-деректермен дәлелденуге тиіс. Ал

залалды есептеу үшін арнайы маркшейдерлік зерттеу жүргізу қажет. Онсыз да басқа шаруалары шаш-етектен артылып жататын аудан әкімдіктерінде мұндай мамандар жоқ. Сондықтан конкурс өткізу керек. Ол үшін әрине жеке компания жалдап, бюджеттің қоржынынан қаржы бөлу керек. Оның өзіне бірнеше ай уақыт кететіні айдан анық. Бірақ мәселе мұнымен де бітпейді.

Көп жағдайда маркшейдерлер әр жылдары түсірілген геодезиялық суреттерді пайдаланады. Ал карьер нақты қашан қазыл-

Кейінгі жылдары Қазақстанда құрылыс индустриясы қарқынды дамып келеді. Астана төңірегінде жаңа тұрғын үй кешендері, жолдар, әлеуметтік нысандар салынып жатыр. Ал құрылыс материалдарына сұраныс еселеп өскен. Сондықтан сұраныс артқан сайын заңсыз өндіру де көбейе түскен. Сарапшылардың айтуынша, елорда маңындағы құм мен қиыршық тас нарығы миллиардтаған теңгемен өлшенеді. Осындай қаржы айналымы бар салада бақылаудың әлсіреуі көлеңкелі бизнестің тереңірек тамыр жаюына жол ашқаны анық. Ең өкініштісі, табиғатқа келтірілген зиянның орнын толтыру оңай емес.

Дабыл қағып жатқан экологтардың сөзіне сүйенсек, карьер қазылған аумақтарда ең біріншіден жер бедері бұзылады. Өсімдік жамылғысы жойылып, жерасты суларының табиғи айналымы өзгереді. Сала ғалымдарының пікірінше, мұндай аумақтардың экожүйесін толық қалпына келтіруге ондаған жыл қажет болуы бек мүмкін.

Дегенмен түйткілдің түйінін тарқатуда шыбық басы сынбады деп те айту қиын. Ақмола облысының әкімдігі мәселені шешу үшін ел заңнамасына өзгерістер енгізу бастамасын көтерген. Ұсыныстың мәні түсінікті әрі қиынды. Құжатқа зер сала қарасақ, ондағы бірнеше ұсыныс көзге бірден жылы ұшырайды. Атап айтқанда, аталған заңға алғашқы кезекте жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды қайтару, заңсыз өндіруді анықтау және тоқтату функцияларын уәкілетті мемлекеттік органдарға беру, сондай-ақ мемлекетке келтірілген залалды есептеу тетігін жеңілдету сияқты нақты шарттар ұсынылыпты.

Былтыр қазан айында Премьер-министр Олжас Бектенов бұл мәселеге байланысты жауапты министрлікке нақты шаралар қабылдауды тапсырғандығы белгілі. Бірқатар БАҚ-та жарияланған деректерге сенсек, қазір заңнамалық түзетулер әзірленіп жатыр. Алайда заң қабылданғанға дейін табиғаттың тағдыры бұрынғыдай қағаз жүзіндегі талқылаулардың құрбаны болып қала бермек. Себебі құқықтық вакуум сақталып қалған.

Өңірдің мәслихат депутаттарының мәліметінше, биыл Аршалы, Целиноград және Ерейшентау аудандарында заңсыз өндіру жұмыстары табиғатқа орасан залал келтірген. Бұл тек бұлтартпас дәлелдермен екшеліп, қағазға түсіріп, хаттама толтырылып, анықталған фактілер ғана. Ал анықталмағандарының саны қанша екені белгісіз.

P.S.

Бұл орайда жергілікті құзырлы органдардың жауапкершілік жүгін тереңірек сезініп, ел үшін аса өзекті болып отырған экологиялық ахуалға назар аударғаны жөн болатыны түсінікті. Сонымен қатар жауапкершіліктен де жоғары болып отырғаны – солқылдақ заңның мәселесін түпкі төркінінен бастап шешу.

20 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Бүгінде әлем бойынша 40 миллионнан аса адам күн сайын денсаулыққа қатысты кеңес алу үшін ChatGPT-ді қолданады. Чат-ботқа жіберілетін барлық сұраныстың 5 пайызы медицина тақырыбына тиесілі.

Айсұлу СЪЕЗХАН

Қазақстандықтардың жартысынан көбі (51,1%) бүгінде ChatGPT, Gemini және өзге де жасанды интеллект жүйесін пайдаланады. Президент жанындағы стратегиялық зерттеулер институтының дерегінше, жасанды интеллекті ең белсенді қолданатындар қатарына 18-29 жастағы жастар жатады. Бұл жастағы адамдардың 76,2%-ы ЖИ-ді қолданатынын айтқан. 30-45 жас тобында бұл көрсеткіш 57,1%-ға жеткен. Жас ұлғайған сайын қызығушылық төмендеген: 46-60 жаста – 37,5%, 61 жастан асқандар арасында – 16,6%. Деректерге қарап-ақ қоғамның жасанды зердемен қаншалықты достасқанын түсінуге болар. ЖИ-ді қолданушылар білім алу, өзін-өзі дамыту, мәтінмен жұмыс істеу, ақпарат жинау секілді мақсатпен қатар денсаулығына байланысты кеңес алу да әдетке айналдыра бастаған. Сонымен қатар медициналық жеке дерегін жіберіп, ЖИ арқылы диагнозын анықтап, үй жағдайында ем-дом жасап жүрген жандар да жоқ емес. Осылайша, уақыт өткен сайын бұл жүйенің медицинаға дендеп ене бастағанын байқаймыз.

OpenAI компаниясының дерегіне сәйкес, ChatGPT-ге медициналық сұраныстар апта сайын миллиардтаған көлемде түседі. 800 миллионнан астам қолданушының әр төртіншісі денсаулыққа қатысты сұрақ қояды. Әсіресе, қаладан шалғай елді мекендерде тұратын халық үшін ЖИ жүйесінен кеңес алған тиімді болып отыр. OpenAI компаниясының мәліметінше, ЖИ медициналық қызмет жетіспейтін ауылдық аймақтарда маңызды рөл атқарып жатыр. Дей тұрғанмен, ЖИ жүйесі қаншалықты сенімді, ол дәрігер орнын баса ала ма? Бірінші санаттағы жалпы тәжірибелік дәрігер, медициналық сарапшы Жазира СМАТҚЫЗЫНАН бұл туралы сұраған едік.

– Жүйенің артықшылығы жоқ емес, егер ЖИ-ді дұрыс қолдана алса, халықтың денсаулыққа байланысты сауаттылығын арттырып жатыр деп білемін. Кемшілігі, диагноз тек шағымдарға ғана қарап қойылмайды. Пациентке нақты диагноз қою үшін объективті статусы қаралуы керек, яғни дәрігер ағзада сырт көзге болып жатқан ақауды, сыртқатты көзбен көріп, қолмен ұстап көріп, одан соң диагностикалық тексеруге жіберуі қажет. ЖИ сіздің шағымдарыңызға қарап қана



ақпарат береді, кейде тіпті қате мағлұмат беруі әбден мүмкін. ЖИ-дің кеңестері пайдаға асып та жатады, бірақ ЖИ нақты диагноз қоя алмайды, дәрігер орнын баса алмайды, – дейді ол.

Дәрігердің айтуынша, мысалы, іш ауруы мазалаған жағдайда жасанды интеллектіге науқастың шағымы жеткіліксіз болады, аурудың себебін нақты білу үшін дәрігер пальпация жасап көруі керек. Мұндай жағдайларда ЖИ дұрыс ақпарат бермейді.

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕНІҢ ӘСЕРІ

Жасанды зерде пациенттермен қатар медицина саласының мамандары арасында да кең қолданысқа енді. Бұл елімізбен қатар әлемдік деңгейде де көрініс тауып отыр. АҚШ-та технология пациенттер үшін де, дәрігерлер үшін де күнделікті құралға айналған. Медициналық қауымдастық зерттеулеріне сәйкес, 2024 жылы дәрігерлердің 66%-ы жасанды интеллектіні қолданған, алайда олар диагноз қоюға емес, құжат жүргізу, ем жоспарын құру және ғылыми деректерді талдау үшін пайдаланады. Wolters Kluwer жүргізген зерттеуге сәйкес, АҚШ-та медицина қызметкерлерінің



40%-дан астамы ChatGPT секілді құралдарды аптасына кемінде бір рет қолданады. Олардың қатарында медбикелер мен фармацевтердің үлесі жоғары. Оған қоса, қазір әлем елдері ЖИ-медицина жүйесін реттеуді күшейтіп жатыр, әсіресе АҚШ, Еуропа, Қытай, Жапония сынды дамыған мемлекеттер бұл мәселені қатаң бақылауға алған. Соған сәйкес

ІЗДЕГЕНДЕР

саланы қаржыландыру да артқан. 2024 жылы денсаулық сақтау саласындағы ЖИ-дің әлемдік нарығы шамамен 26,6 миллиард доллар деп бағаланды, ал 2030 жылға қарай көрсеткіш 187,7 миллиард долларға дейін өсуі мүмкін. Ал PwC бағалауы бойынша, 2030 жылға қарай әлемдік медицина мен фармацевтикаға ЖИ енгізудің жиынтық экономикалық әсері 868 миллиард долларға жетуі ықтимал.

ЖИ МІНДЕТІ – ЖҮКТЕМЕНІ АЗАЙТУ

Еліміз де денсаулық сақтау саласын цифрлық трансформация

медицина саласына ЖИ тетіктерін енгізудің базалық цифрлық іргетасы қалыптасып үлгерген, мәселен электронды медициналық карталар, медициналық ақпараттық жүйелер, зерттеулердің цифрлық архивтері және телемедицина сервистері іске қосылды.

– Халықаралық бағалаулар бойынша, дәрігердің жұмыс уақытының 30-40%-ға дейінгі бөлігі пациентті емдеуге емес, құжат толтыру мен әкімшілік процестерге кетеді. Сондықтан ЖИ-дің негізгі міндетінің бірі – осы жүктемені азайту, деректерді талдауды жеделдету және диаг-

OpenAI компаниясының дерегіне сәйкес, ChatGPT-ге медициналық сұраныстар апта сайын миллиардтаған көлемде түседі. 800 миллионнан астам қолданушының әр төртіншісі денсаулыққа қатысты сұрақ қояды. Әсіресе, қаладан шалғай елді мекендерде тұратын халық үшін ЖИ жүйесінен кеңес алған тиімді болып отыр.

ностика дәлдігін арттыру, – дейді М.Мамаев.

Қазір ЖИ құжаттарды автоматты түрде толтыру, дәрігерлердің дауыстық жазбасын өңдеу, пациенттерді бағыттау, стационарлар жүктемесін талдау және дәрі-дәрмекке деген қажеттілікті болжау үшін пайдаға асып жатыр. Елде кейбір тар бейінді мамандар тапшылығы байқалатын жасырын емес, кей өңірлерде бір радиолог тәулігіне жүздеген суретті қарауға мәжбүр. Ал ЖИ бастапқы талдауды жеделдетіп, патологияларды өткізіп алу қаупін азайтады. Әсел Абақованың пайымдауынша, медицина мамандары ЖИ-ді сәулелік диагностикада белсенді түрде қолданып келеді.

– Алгоритмдер компьютерлік томографияны, маммографияны, рентгенографияны, МРТ мен флюорографияны талдау кезінде кеңінен қолданылады. Әсіресе, COVID-19 пандемиясынан кейін мұндай шешімдер қарқынды енгізіле бастады, өйткені жүйеге өте үлкен көлемдегі зерттеулерді өңдеуге тура келді, – дейді ол.

CEREBRA.AI-дің АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Еліміздің денсаулық сақтау саласында нәтижелі кейстер де бар, оның бірі де бірегейі – Cerebra.AI жүйесі. Ол бірнеше клиникада инсульт диагностикасын жылдамдатып әрі дәлдігін арттырып, өлім-жітімді азайтуға ықпал етіп отыр. Бұл кей жағдайда адам өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Мысалы, компьютерлік томография нәтижесін 30 минуттың орнына 5-10 минут ішінде талдап береді. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің мәліметінше, қазір Cerebra.AI елордадағы 17 емханада және Ақмола, Маңғыстау, Жамбыл және Алматы облыстарында жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар инсультті диагностикалауға арналған ЖИ жүйелері елдегі 49 инсульт орталығында 150 мыңнан астам компьютерлік томографияны талдап шыққан. Жобаға 700-ден астам дәрігер қатысып, диагностика дәлдігі 87%-ға жеткен.

– 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап инсультке күдігі бар 7 600-ден аса пациенттің дерегі талданды. Өлім-жітім деңгейінің 40%-ға төмендеуі және уақытты ем алатын пациенттер үлесінің 150%-ға артқаны байқалады, – дейді министр Жаслан Мәдиев.

Бұдан бөлек, елімізде қатерлі ісік пен пневмонияны ерте анықтау, телемедицина, зертханалық диагностика бағыттарында да жобалар дамыған. Биыл Денсаулық сақтау министрлігі жасанды интеллект арқылы медициналық қызмет сапасын арттыруға арналған кешенді жоспарды іске қосуды көздеп отыр. ЖИ созылмалы ауруларды, жүрек-қан тамырлары тәуекелдерін және диабетті бақылау жүйелеріне де біртіндеп енгізіліп жатыр.

МҮМКІНДІКТІҢ ТӘУЕКЕЛІ ДЕ БАР

Алайда салада мүмкіндіктермен қатар тәуекелдер де өсіп келеді. Негізгі мәселе – дерек сапасы. Егер ақпарат толық емес немесе қателіктер болса, алгоритмдер сол қате деректі қайталап қана қоймай, оларды ауқымды түрде арттыра бастайды.

– Екінші күрделі мәселе – ЖИ қателіктері үшін жауапкершілік. Егер алгоритм диагнозда қателессе, кім жауап береді: әзірлеуші ме, клиника ма, дәрігер ме әлде мемлекет пе? Әлемдік тәжірибеде әзірге бұл мәселеге бірыңғай тәсіл қалыптасқан жоқ, – дейді Әсел Абақова.

Жасанды интеллект медицина маманының қолын ұзартып, көмекші құрал бола алғанымен, әлі де күрделі клиникалық жағдайларды нашар өңдейді, өйткені мұнда тек талдаулар мен суреттерді емес, пациенттің жалпы жағдайын, қатар жүретін аурулары мен басқа факторларды ескеру қажет. Жасанды интеллект күн сайын медицина саласына жаңа өзгеріс әкеліп жатыр. Дей тұрғанмен, дәрігер де, пациент те жүйенің артық-кем тұсын өзі анықтап, мүмкіндікті пайдалану мен шектей білудің ара-жігін ажырата білуге тиіс. Қай кезеңде де жауапкершілік адам баласының қолында қалуы керек.

ДАУА

20 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Еліміздің денсаулық сақтау жүйесі соңғы жылдары айтарлықтай жаңғыру кезеңін бастан өткеруде. Жаңа ауруханалар мен емханалар салынып, ауылдық медицинаны дамытуға арналған ұлттық жобалар жүзеге асырылуда, цифрлық технологиялар енгізіліп, медициналық қызметтердің сапасы артып келеді.

КАДРДЫҢ ҚАДІРІН АРТТЫРҒАН

жүйе



сымен қамтылды. Оның ішінде 1 009 дәрігер ауылдық елді мекендерде, 546 дәрігер қалаларда, 205 дәрігер монокалаларда еңбек етеді. Бұл ауылдық медицинаны дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын көрсетеді.

Жас мамандарды ынталандыру жаңа күшейіп келеді. Былтыр жоғары оқу орындарын тәмамдаған 579 жас дәрігер әлеуметтік қолдау алып, олардың 294-і ауылдық жерлерге жұмысқа орналасты. Бұл – кадр тапшылығын төмендетуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

Қаржылық ынталандыру тетіктері де кеңейтілді. 236 маман республикалық бюджеттен, 1 399 маман жергілікті бюджет есебінен көтерме жәрдемақы алды. Ал тапшы мамандықтар бойынша 529 дәрігерге арнайы әлеуметтік қолдау көрсетіліп, олардың бір бөлігіне 100 ең төменгі жалақы мөлшерінде біржолғы төлем берілді. Бұл шамамен 8,5 миллион теңгені құрайтын айтарлықтай ынталандыру пакеті», – дейді Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және адами ресурстар департаменті директорының орынбасары Бағжан Мұхаметбек.

«ДИПЛОММЕН – АУЫЛҒА!» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ ҚАНДАЙ?

Қоғамдағы әрбір адамның ең бірінші мәселесі – тұрғын үй. Мемлекет бұл жағынан да дәрігерлерді ерекше қолдап отыр. Мысалы, былтырдың өзінде 727 дәрігер тұрғын үймен қамтамасыз етілген, ал ауылдық жерлерге барған мамандар үшін «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы арқылы жеңілдетілген несие мен көтерме жәрдемақы қарастырылған. Бұдан бөлек, медицина қызметкерлерінің балаларына балабақшаға басымдықпен орналастыру, көлік шығындарын өтеу, әскери қызмет бойынша жеңілдіктер сияқты әлеуметтік кепілдіктер де енгізілуде.

Ғылым және адами ресурстар департаменті директорының орынбасары Бағжан Мұхаметбектің айтуынша, бұл шаралардың нәтижесі де байқала бастаған. Соңғы екі жылда ауылдық жерлердегі тапшылық біртіндеп азайып келеді.

Дегенмен мәселе толық шешілді деуге ерте. Әлеуметтік қолдау қаржылай төлеммен ғана шектелмеуі тиіс. Дәрігер үшін қауіпсіз еңбек ортасы, кәсіби даму мүмкіндігі, тұрғын үй, әлеуметтік мәртебе және қоғамның құрметі де маңызды. Егер осы факторлар қатар қамтамасыз етілсе ғана жас мамандар өңірлерде тұрақтап, ұзақ мерзім еңбек етуге мүдделі болады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, медицина саласына салынған инвестиция – адам капиталына салынған инвестиция. Дәрігер тапшылығын шешімі тек жаңа кадр даярлауда емес, бар мамандарды ұстап қалуда жатыр.

Қазақстан бүгінде медицинаны жаңғырту жолында маңызды қадамдар жасап жатқанын жоғарыда баян еттік. Бірақ төрт мыңға жуық дәрігер жетіспейтін жағдайда әлеуметтік қолдау бағдарламаларын одан әрі жетілдіру, ауылдық медицинаға ерекше көңіл бөлу және дәрігер мамандығының беделін арттыру уақыт талабы болып қала береді. Өйткені дәрігердің жағдайы жақсарып, мамандар жеткілікті болмайынша, халық денсаулығының сапасын арттыру да оңай болмайды.

А Айгүл СЕЙІЛ

Әлеуметтік саясаттың маңызды жетістіктерінің бірі – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің сақталуы. Сонымен қатар медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру бағытында жүргізілген жүйелі жұмыстар өз нәтижесін беріп отыр. Оның айқын дәлелі, былтыр Қазақстанда өмір сүру ұзақтығы тарихи ең жоғары деңгейге жетіп, 75,97 жасты құрады.

Денсаулық сақтау саласындағы өзгерістер нақты көрсеткіштермен де расталады. Атап айтқанда, шамамен 300 мың азамат онкологиялық ауруларды тегін диагностикалаудан өтті. Балаларға жасалатын ашық жүрекке операциялардың жылдық саны 2 мыңнан асса, былтыр 3,4 миллион адам тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ медицина қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыда қолдауға да ерекше көңіл бөлінуде. Мәселен, былтырғы жылдың қорытындысы бойынша бұл бағыттағы жалпы қолдау көлемі 4,5 млрд теңгеден асып, 2024 жылмен салыстырғанда екі есеге жуық артқан. Айта кетейік, 2024 жылы бұл көрсеткіш 2,2 млрд теңгені құраған болатын. Дегенмен атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан, саланың ең өзекті мәселелерінің бірі – кадр тапшылығы болып қала беруде.

ДӘРІГЕР НЕГЕ ТАПШЫ?

Бүгінде денсаулық сақтау жүйесінде 280 мыңнан астам қызметкер жұмыс істейді. Олардың 84 мыңға жуығы – дәрігерлер. 2025 жылғы қорытынды статистикалық мәліметтерге сәйкес, елімізде 3 869 дәрігер жетіспейтіні анықталды. Сонымен қатар орта меди-

Жас мамандарды ынталандыру да күшейіп келеді. Былтыр жоғары оқу орындарын тәмамдаған 579 жас дәрігер әлеуметтік қолдау алып, олардың 294-і ауылдық жерлерге жұмысқа орналасты. Бұл – кадр тапшылығын төмендетуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

цина қызметкерлерінің (мейірбике, фельдшер) тапшылығы 4,5 мыңнан асады. Ең тапшы мамандықтар қатарында терапевтер, жалпы практика дәрігерлері, анестезиолог-реаниматолог, хирургтар мен акушер-гинекологтар және педиатрлар мен неонатологтар аталады. Аймақтар бойынша ең жоғары сұраныс, яғни кадр жетіспеушілігі Астана, Алматы және Шымкент сияқты мегаполистерде, сондай-ақ шалғай өңірлердегі аудандарда ерекше байқалады.

Денсаулық сақтау министрлігінің есебі бойынша, жас түлектердің кейбір нақты клиникалық бағыттар бойынша жұмыс істегісі келмеуі және өңірлердегі кадрлық теңгерімсіздік осы жағдайға әкеліп соқтыруда. Иә, саланың мәліметіне қарасақ, кадр тапшылығы жыл өткен сайын төмендеп келеді. Әсіресе,

2022 жылғы 5 мыңға жуық дәрігер тапшылығымен салыстырғанда қазіргі көрсеткіш жаман емес, дұрысы кадр тапшылығы 20 пайыздай азайған. Бірақ бұл мәселе шешілді дегенді білдірмейді.

Дәрігер тапшылығының астарында бірнеше фактор бар. Ең алдымен, халық санының жылдам өсуі медициналық қызметке деген сұранысты арттырып келеді. Сарапшылар алдағы он жылда дәрігерлерге деген қажеттілік жыл сайын ұлғая беретінін болжап отыр.

Екінші мәселе – өңірлер арасындағы теңсіздік. Еліміздің ірі қалаларында дәрігерлердің шоғырлануы жоғары болғанымен, ауылдық жерлер мен шалғай өңірлерде маман жетіспеушілігі өткір сезіледі. Көптеген жас дәрігер әлеуметтік инфрақұрылымы жақсы дамыған қалаларда жұмыс істеуді жөн көреді. Ал ауылдық жерлердегі тұрғын үй мәселесі, жұмыс жұктемесінің көптігі және кәсіби дамуға мүмкіндіктің аздығы олардың өңірлерге баруына кедергі келтіреді.

Үшінші мәселе – медицина қызметкерінің кәсіби күйзелісі. Дәрігер тәулігіне ондаған науқасты қабылдап қана қоймай, үлкен жауапкершілікті арқалайды. Соңғы жылдары медицина қызметкерлеріне қатысты агрессия жағдайларының көбеюі де қоғамда алаңдаушылық туғызып отыр. Сондықтан бүгінде кадр тапшылығы тек сандық емес, әлеуметтік және психологиялық мәселе ретінде қарастырылуда.

МАМАНДАР ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДАН КЕНДЕ ЕМЕС

«Мемлекет жыл сайын медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдаудың жаңа тетіктерін енгізуде. 2025 жылдың қорытындысы бойынша елімізде 1 760 дәрігер түрлі әлеуметтік қолдау шара-

Коллаж: ЖИ

МӘСЕЛЕ

20 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Қазір ғылымда жасанды интеллекті қолдану қалыпты жағдайға айналды. Мысалы, 2024 жылы Digital Education Council жүргізген халықаралық зерттеу нәтижесінде әлем бойынша студенттердің 86%-ы оқу процесінде ЖИ құралдарын тұрақты түрде қолданатыны анықталған. Ал олардың 54%-ы ЖИ-ді апта сайын пайдаланады. Сондай-ақ зерттеу барысында студенттер арасындағы ең танымал ЖИ құралы ChatGPT екені белгілі болған. Студенттердің 66%-ы аталған технологияның көмегіне жүгінеді. Аукымды зерттеуге әлемнің 16 елінен 3 800-ден астам студент қатысқан.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Қазақстанның білім жүйесі де осыған дейін оқу процесінде ЖИ қолдану туралы өз ұстанымын бекіткен. 2024 жылы ел астанасында өткен «Digital Kazakhstan: заманауи білім беру» саммитінде Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ғылыми жұмысты жазу кезіндегі ережені түсіндірген еді. Министрдің мәлімдеуінше, енді магистрлік, докторлық немесе студенттік жұмысты жазғанда, ЖИ-ді қолдануға рұқсат беріледі. Ең басты шарт — студент мәтіннің ЖИ-мен жазылғанын көрсетуге тиіс.

Десек те, жоғары білім беру жүйесінде ЖИ-ді қолдануға қатысты сан алуан пікір бар. Бірі жасанды зерденің келуі білім жүйесіндегі жылдар бойы үзілмей келе жатқан олқылықтарды өшкередеді десе, енді бірі университеттер ЖИ-мен өмір сүруді үйренуге тиіс екенін алға тартады. Осыған сәйкес, біз таяуда ғана Алматыда өткен Орталық Азиядағы алғашқы IAUP (Халықаралық университет президенттері қауымдастығы) конференциясының аясында жоғары білім беру саласындағы тәжірибелі мамандардың пікірін сұрап білдік. Жиынға әлемнің 15-тен астам елінен, соның ішінде Орталық Азия, Еуропа, Солтүстік Америка және Азия-Тынық мұхиты өңірінен 100-ден астам университет басшылары қатысты. Іс-шараны Almaty Management University (AlmaU) және IAUP ұйымдастырған. Конференция барысында отандық және шетелдік білім жүйесінің сарапшылары ЖИ дәуіріндегі жоғары білімнің трансформациясы туралы газетімізге пікір білдірді.

Әлемдегі білім беру жүйесінің болашағын зерттейтін халықаралық Global Education Futures зерттеу орталығының негізін қалаушы әрі директоры Павел Лукша бүгінгі жоғары білімнің басты мәселесі — қоғам сұранысына толық жауап бере алмауында екенін қадап айтты. Оның сөзінше, қазіргі жүйе бұрынғыдай күтілетін нәтижелерді бере алмай отыр.

— Мұның бірнеше себебі бар. Ең алдымен, қазіргі индустриялық университет моделі шамамен 200 жыл бұрын қалыптасты. Сол уақыттан бері оның негізгі құры-

БІЛІМ БЕРУДІҢ БІРЕГЕЙ БАҒЫТЫ

Студенттер жасанды интеллекті қалай қолданады?

2024 жылғы халықаралық зерттеу нәтижелері



лымы айтарлықтай өзгерген жоқ. Ол өз кезеңінде тиімді жұмыс істеді, бірақ бүгінгі әлем мүлде басқа деңгейде. Ол кезде жоғары технологиялар, жасанды интеллект секілді жаңалықтар болған жоқ. Ғылым мен технология бірнеше елде ғана шоғырланды. Ал қазір әлем халқы бірнеше есе өсті. Қоғам күрделене түсті. Өзгерістердің жылдамдығы артты. Технологиялар бұрын-соңды болмаған деңгейде дамыды. Алайда соған қарамастан университеттердің көбі бұрынғы модельмен жұмыс істеуді тоқтатқан жоқ. Соның салдарынан университеттің қоғамға беруге тиіс нәтижелері мен нақты беріп отырған нәтижелері арасындағы алшақтық ұлғайып барады. Бұл жағдайды қоғам да байқап отыр деп ойлаймын. Мысалы, кейінгі жылдары дамыған елдерде жоғары білімге деген сенім ең төмен деңгейге жетті. Қазір халықтың шамамен жартысы жоғары білімді аса құнды деп есептемейді. Мұндай көрсеткіштер университеттер тарихында бұрын-соңды болмаған, — деді Павел Лукша.

ОН СТУДЕНТТІҢ БІРЕУІ ҒАНА ЖИ-ДІҢ ТОЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІН ТҮСІНЕДІ

Әлеуметтік желілерде жазылған пікірлерге назар аударсақ, оқу орнындағы студенттердің көбі дипломдық жоба, магистрлік диссертация сынды жұмысты жазу барысында ЖИ құралдарын қолданатынын аңғаруға болады. Расында, сырт сөзге мыңдаған студент күнделікті ЖИ пайдаланатындай болып көрінгенімен, мамандар жүргізген зерттеулер мұны жоққа шығарады. Дәлірек айтсақ, студенттердің басым бөлігі ЖИ-дің кәсіби пайдаланушысы деуге келмейді. Павел

Лукша бұл пікірді былайша тарақтты.

— Студенттердің ЖИ-ді пайдалану деңгейі біз ойлағандай жоғары емес. Біз арнайы зерттеу жүргізіп, студенттердің бұл құралдарды қалай қолданатынын талдадық. Нәтижесінде, студенттердің басым бөлігі ЖИ-ді үй тапсырмаларын орындау немесе эссе жазу үшін ғана пайдаланатыны анықталды. Ал әр бесінші студент қана оны шығармашылық немесе күрделі міндеттерді шешу үшін қолданады. Тіпті, он студенттің біреуі ғана ЖИ-дің толық мүмкіндіктерін түсінеді, яғни агенттер құру, бағдарламалау, күрделі процестерді автоматтандыру секілді функцияларды меңгерген студенттер өте аз. Олар көбіне дайын құралдарды ғана қолданады. Ал ЖИ-ді білім беру серіктесі, шығармашылық немесе даму құралы ретінде пайдаланатындар әзірге аз, — деді ол.

УНИВЕРСИТЕТТЕР ӨЗІНІҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІН ҚАЙТА ҚАРАСТЫРУҒА ТИІС

Сарапшының бұл көзқарасын Digital Education Council жүргізген зерттеу нәтижелері де растайды. Зерттеу қорытындысы бойынша, студенттердің 58%-ы ЖИ бойынша білімі жеткіліксіз екенін мойындаса, 48%-ы өзінің ЖИ қолданылатын еңбек нарығына дайын емес екенін айтқан. ЖИ-дің кең таралуына қарамастан, әрбір екінші студент өзін осы технологиямен жұмыс істеуге толық дайынмын деп есептемейді.

— Бұдан да маңызды мәселе — көптеген университеттің өзі өзгерістерге дайын емес. Олар студенттердің әрекеттеріне жауап беруге тырысады, бірақ мәселенің

түпкі себебін қарастырмайды. Мысалы, бұрынғыдай эссе жаздыруды жалғастырып, кейін оның ЖИ көмегімен жазылғанын анықтауға күш салады. Бұл салдармен күресу ғана. Біздің халықаралық зерттеулер көрсеткендей, мұндай тәсіл мәселені шешпейді. Себебі университеттің өзі өзгеруі қажет. Ол ең әуелі өзінің қоғамдағы рөлін қайта қарастыруға тиіс. Әрине, адамдар бүгінде білімді университеттен тыс жерден де ала алады. Онлайн платформалардан немесе ЖИ құралдарының көмегімен үйренуге мүмкіндік бар. Бірақ бұл университеттің қажетсіз екенін білдірмейді. Керісінше, университеттер өздерінің бірегей функцияларына назар аударуға тиіс. Ол студенттерді ойлауға, ақпараттың шынайылығын бағалауға, бірлесіп жұмыс істеуге және күрделі мәселелерді шешуге үйретуі керек, — деді Global Education Futures зерттеу орталығының негізін қалаушы әрі директоры Павел Лукша.

АНЫҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ ТОЛЫҚ СЕНУГЕ БОЛМАЙДЫ

Ал еліміздегі жоғары оқу орындарына ЖИ қалай әсер етті?



Студенттердің ChatGPT, Google және басқа да ұқсас құралдарды қолдануы — заңды әрі табиғи құбылыс. Біз мұнымен өмір сүруді үйренуіміз тиіс. Қазіргі халықаралық тәжірибеде студенттер ЖИ-ді қай жерде және қандай мақсатта пайдаланғанын көрсетуге міндетті.

Қазақстандық университеттер академиялық адалдық пен технологиялық прогресс арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтап отыр? Бұл туралы AlmaU университеті Цифрлық технологиялар және экономика мектебінің деканы Арман Көмекбаевтан сұрап білдік.

— Студенттердің ChatGPT, Google және басқа да ұқсас құралдарды қолдануы — заңды әрі табиғи құбылыс. Біз мұнымен өмір сүруді үйренуіміз тиіс. Қазіргі халықаралық тәжірибеде студенттер ЖИ-ді қай жерде және қандай мақсатта пайдаланғанын көрсетуге міндетті. Тіпті, ЖИ-ге берген сұраныстары (prompt) да диссертация немесе диплом жұмысының ішінде көрсетілуі қажет. Бұл академиялық адалдық қағидатымен байланысты. Біз ЖИ-ді пайдалануға тыйым салмаймыз. Алайда студент оны қай жерде және қалай қолданғанын ашық көрсетуі қажет. Бұл олардың бағасына оң немесе теріс әсерін тигізбейді. Ол кәдімгі ғылыми мақала жазған кезде әдебиеттерге сілтеме жасағанмен бірдей. Қазір антиплагиат

жүйелері мәтіннің белгілі бір бөлігі ЖИ көмегімен жазылған болуы мүмкін деген болжам береді. Бірақ бұл нақты дәлел емес. Мәтінді ЖИ жазды деп нақты айту мүмкін емес. Мысалы, біз арнайы тәжірибе жүргіздік. Мен мәтінді толықтай өз сөзіммен жаздым, бірақ кейбір жүйелер оны ЖИ жазған мәтін ретінде анықтады. Керісінше, ЖИ арқылы дайындалған мәтіндер де кей жағдайда тексеру жүйелерінен еш қиындықсыз өтеді. Сондықтан мұндай анықтау жүйелеріне толық сенуге болмайды. Ең маңыздысы, студенттің тақырыпты қаншалықты түсінетінін анықтау, — деді маман.

Онымен қоса, сарапшы қазіргі оқу жүйесі студенттердің білімін бағалаудың жаңа тәсілдерін қажет ететінін атап өтті. Оның пайымдауынша, ЖИ-дің пайда болуы білім беру жүйесінде жаңа дәуірдің басталуына себеп болды.

— Бұрын компьютерлер мен интернет алғаш пайда болған кезде де осындай пікірталастар болған. Сол уақытта адамдар интернеттің білім беру процесіне әсері туралы алаңдады. Уақыт өте келе қоғам жаңа технологиялармен жұмыс істеуді үйренді. Сондықтан жақын арада ЖИ-мен тиімді жұмыс істеудің жолдары да қалыптасады деп ойлаймын. Ал студенттердің ЖИ қолдануы туралы айтар болсам, бұл жайлы арнайы тәжірибе жүргізіп көрмедік. Бірақ біздің ұстанымымыз анық. Студент қандай құрал қолданса да, ең бастысы — тақырыпты түсінуі. Мысалы, бағдарламашы мамандығында оқитын студент дипломдық жоба ретінде белгілі бір бағдарламалық өнім әзірлейді. Иә, ол бағдарламаны жазу барысында ЖИ-ді пайдалануы мүмкін. Бірақ егер студент жүйенің логикасын, архитектура-сын және жұмыс істеу принциптерін толық түсінсе, онда мұның ешқандай теріс ықпалы жоқ. Студент тек өзінің жұмысын жылдамдатқан болып есептеледі, — деді ол.

СТУДЕНТТЕРДІҢ 8%-Ы ҒАНА ЖИ ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНБАЙДЫ

Деканның айтуынша, қазірдің өзінде Қазақстандағы біршама оқу орындары ЖИ мүмкіндіктерін пайдалану бойынша маңызды қадамдарға бет бұрған. Мұндай жобалар практика мен теорияны қатар қамтиды.

— Университетімізде барлық студент мамандығына қарамастан «Цифрлық дағдылар және жасанды интеллект» пәнін оқиды. Бұл пәннің мазмұны тұрақты түрде жаңартылып отырады, өйткені жаңа құралдар мен модельдер үнемі пайда болып жатыр. Біз студенттерге ең өзекті деген білімді беруге тырысамыз. Сонымен қатар қаржы, экономика сияқты бағыттарда оқитын студенттер Python бағдарламалау тілін, сондай-ақ ЖИ көмегімен деректерді талдауды меңгереді. Біз қазір осындай пәндерді барлық мамандыққа енгізіп жатырмыз, — деді Арман Көмекбаев.

2025 жылы Higher Education Policy Institute (HEPI) жүргізген зерттеу негізінде Ұлыбританиядағы студенттердің 88%-ы ChatGPT сияқты құралдарды оқу тапсырмаларын орындау үшін пайдаланғанын мәлімдеген. Ал 2024 жылы бұл көрсеткіш 53% болған.

АЙМАҚ

20 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Алматыда Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақстан журналистика академиясының бірлескен көшпелі отырысы өтті. Жиында ғылым мен медианың өзара ықпалдастығының өзекті мәселелері сөз болды.

А.МАЛИКАЖДАР,
Алматы қаласы

Көшпелі отырысты ашқан ҚазҰУ басқарма төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев БАҚ өкілдерін алда келе жатқан кәсіби мерекесімен құттықтады. Университет басшысы өз сөзінде заманауи медиа индустрия талаптарына жауап беретін бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мәселесіне тоқталып, білім ордасының журналистика саласындағы тарихи үлесін ерекше атап өтті.

– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – отандық журналистика білімінің қара шаңырағы. Біздің мақсатымыз – кәсіби маман даярлап қана қоймай, қоғам алдындағы жауапкершілікті терең сезінетін, ел мүддесіне қызмет ететін тұлғаларды қалыптастыру, – деді ректор.

Сондай-ақ Қазақстан журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев әріптестеріні мерекесімен құттықтап, қоғамдағы әділдік пен ашықтық қағидаттарын орнықтырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөліне айрықша назар аударды. Жиын соңында отандық журналистиканың дамуына елеулі үлес қосқан сала үздіктеріне арнайы

ҒЫЛЫМ мен МЕДИА ТОҒЫСҚАН БАСҚОСУ



марапаттар мен алғысхаттар табысталды.

Көшпелі отырыс аясында журналистер университеттің ғылыми жетістіктерімен танысты. Кампустар барысында БАҚ өкілдері

ҚазҰУ-дың заманауи зерттеу орталықтарын аралап, ғылым мен технология саласындағы тың жобалардың жүзеге асу барысына куә болды. Әсіресе, Қазақстан – Қытай бірлескен зертханасы, Farabi

Supercomputer Center мен Ми институты, Farabi Hub және Farabi Robotics орталықтарының жұмысы көптің қызығушылығын тудырды.

Онымен қоса, маңызды атап өтерлік жайт, іргелі оқу орнында Quantum AI зертханасы іске қосылды. Аталған зертхана Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінің базасында құрылған. Жоба Қытайдың кванттық жүйелер өндіретін жетекші компанияларының бірі – SpinQ Technology қолдауымен жүзеге асырылды. Зертханаға орнатылған жеті заманауи кванттық есептеу жүйесі бүгінде Қазақстандағы баламасы жоқ бірегей технологиялық кешен саналады. Бұл құрылғылар студенттер мен жас ғалымдарға күрделі ғылыми-зерттеулер жүргізуге, машиналық оқыту алгоритмдерін әзірлеуге және кванттық есептеулер сала-

сындағы тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген ҚазҰУ басқарма төрағасы – Ректор Жансейіт Қансейітұлы жаңа зертхананың университетті әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналдыру жолындағы маңызды қадам екенін баса айтты. Оның сөзінше, жасанды интеллект, үлкен деректер және кванттық есептеулер жаһандық ғылым мен экономиканың даму бағытын айқындап отыр. Ал кванттық технологиялар мен жасанды интеллекттің тоғысуы криптография, медицина және күрделі жүйелерді модельдеу сияқты салаларда жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Университет басшысы білім, ғылым және өндіріс арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған бұл жұмыстың әрі қарай жалғасатынын айтып, зертхана қызметі елдің технологиялық әлеуетін арттыруға үлес қосатынына сенім білдірді.

Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінің деканы Тимур Иманқұловтың мәлімдеуінше, қазір отандық мамандар озық жабдықтармен жұмыс істеуге толық дайын. Мұнда жоғары курс студенттері тәжірибелі мамандармен бірге нақты өндірістік жобаларға қатысып, халықаралық деңгейде сұранысқа ие құзыреттерді меңгере алады.

Бүгінде кванттық есептеулер әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан ғылыми бағыттардың бірі. Сарапшылардың пайымдауынша, мұндай технологиялар болашақта қаржы, медицина, логистика және киберқауіпсіздік салаларындағы күрделі есептерді шешуге көмектеседі. Осы үрдістен қалыс қалмауды көздеген ҚазҰУ жаңа зертхана арқылы студенттер мен жас ғалымдарға болашақ технологияларын игеруге жағдай жасап отыр.

ОТБАСЫ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ АУҚЫМЫ АРТТЫ

Шымкент қаласында отбасылық институтты қолдау мен халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды әлеуметтік бастамалар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Соның жарқын көрінісі ретінде жуырда 30 отбасы жаңа баспанаға қол жеткізіп, қоныстойын тойлады. Бұл игі шара тұрғындардың тұрғын үй жағдайын жақсартумен қатар, отбасы тұрақтылығын нығайтуға және қоғамдағы әлеуметтік үйлесімділікті арттыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесі болып отыр.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Салтанатты рәсім барысында жаңа пәтерлердің кілті тұрғын үй кезегінде тұрған және «Отбасы банк» АҚ арқылы жүзеге асырылатын жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламаларының талаптарына сәйкес төлем қабілеттілігін растаған азаматтарға табысталды. Қоныс иелері Ақжайық шағынауданындағы заманауи көпқабатты тұрғын үйлерден баспаналы болды. Баспанаға ие болғандардың қатарында көпбалалы және толық емес отбасылар, ерекше

қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар, сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау және өзге де бюджет саласының қызметкерлері бар. Бұл санаттағы азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету – мемлекет жүргізіп отырған отбасы саясатының маңызды бағыттарының бірі.

Сарапшылардың пікірінше, тұрғын үй мәселесінің шешілуі отбасының әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі саналады. Өз шаңырағына ие болған отбасының ертеңге деген сенімі артып, балалардың қауіпсіз әрі қолайлы ортада тәрбиеленуіне мүмкіндік



туады. Сондықтан тұрғындарды баспанамен қамту тек әлеуметтік қолдау шарасы емес, отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланады. Жаңа тұрғын үйлер заманауи құрылыс талаптарына сай бой көтерген. Үйлер қажетті инженерлік-коммуникациялық желілермен қамтылып, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне барлық жағдай жасалған. Балалар алаңдары, абаттандырылған аулалар мен қолайлы инфрақұрылым

тұрғындардың өмір сапасын арттыруға ықпал етеді.

Бүгінде Шымкент қаласында тұрғын үй құрылысының қарқыны жыл сайын артып келеді. Қалада халықтың әлеуметтік осал топтарына қолдау, жастар мен жас отбасылардың баспанаға қолжетімділігін кеңейту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Бұл бастамалар отбасы институтын нығайтуға, демографиялық өсімді қолдауға және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға қызмет етеді.

Айта кетейік, жуырда ғана мемлекеттік жеңілдетілген тұрғын үй несиелеу бағдарламасы аясында тағы да 30 отбасы Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбековтың қолынан жаңа пәтер кілтін алған болатын. Үй кезегінде тұрған азаматтарға жалға беру шартымен ұсынылған бұл жаңа үйлер Бозарық шағынауданында орналасқан және барлық құрылыс нормасы мен сапа талаптарына сай пайдалануға берілген.

Отбасы – мемлекеттің берік негізі. Ал әр отбасының өз шаңырағы болуы бақытты өмірдің, берекелі тұрмыстың және ұрпақ тәрбиесінің маңызды кепілі. Сондықтан Шымкентте жүзеге асырылып жатқан тұрғын үй бағдарламалары мыңдаған азаматтың баспана мәселесін шешіп қана қоймай, отбасылық құндылықтарды дәрiптeуге және қоғамның әлеуметтік дамуына серпін беріп отыр. Жаңа қонысқа қол жеткізген шымкенттік 60 отбасының қуанышы елдегі әлеуметтік саясаттың тиімділігін көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі.

ҚОҒАМ

20 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Белгілі ақын-қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының «Құрметті азаматы» Аман Кәлетәевтың 80 жылдық мерейтойына арналған еске алу шарасы ақынның туған жері Тарбағатай ауданының орталығы «Ақжарда» аудандық кітапханада «Қаламгер және қоғам» атты дөңгелек үстел жұмысымен басталды.

Іс-шараға Астана мен Алматыдан, Ертіс пен Алтайдың арасын жалғаған Семей мен Өскеменнен ақын-жазушылар, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысты. Шығыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Ербол Нұрғалиев, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын Ғалым Қалибекұлы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Ұлықбек

Ізгілік ЖАРШЫСЫ



Есдәулет, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Нұрдәулет Ақыш, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, қоғам қайраткері Бекболат Тілеухан, Тарбағатай ауданының әкімі

Дархан Жөргекбаев, Медицина ғылымдарының докторы, профессор Төлеубай Рақыпбеков, Қазақ спорт және туризм академиясының президенті, педагогика ғылымдарының докторы, про-

фессор Қайрат Закариянов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Маралтай Райымбекұлы, Қазақстан Жазушылар одағы Шығыс Қазақстан филиалының төрағасы Әлібек Қаңтарбаев, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Тыныштықбек Әбдікәкімов, ақын Мерей Қарт, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кітапхана директоры Бақытжан Оразалиев және ақын, Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері Серікзат Дүйсенғазин қатысып, Аман Кәлетәевтың шығармашылығы турасында ойларын ортаға салып, ақынның «Жәннатым – Елім» атты жаңа кітабының тұсаукесер рәсімін жасады.

Ақын Аман Кәлетәевтың аталған таңдамалы жыр жинағына кіндік қаны тамған жер, өскен орта мен туған ел туралы философиялық терең ойға толы сағынышты сезім сырларын тербейтін өлеңдері мен бір топ лирикалық жырлары енген. Адамгершілік пен ізгілікті темірқазық етіп, лирикаға толы сағыныш сезімдерін қозғайтын ақын поэзиясы оқырманын бей-жай қалдырмайды. Кітап ақынның биылғы 80 жылдығына арнайы шығарылды.

Одан әрі шара аудандық мәдениет үйінде «Есіне бір түсермін тірілердің...» атты поэтикалық кешіне және жазба ақындардың жыр фестиваліне ұласты. Кеш шымылдығын Қазақстанның халық әртісі, белгілі сахна санлағы, кинорежиссер, актер Досхан Жолжаксынов ашты. Ақын Аман Кәлетәев туралы түсірілген «Іңкәр үміт» атты деректі фильм көрсетіліп, сахналық қойылым көрермен назарына ұсынылды. Кеш соңында жырдан шашу шашқан ақындар марапатталды. Шара соңында Мемлекет және қоғам қайраткері, саясаттану ғылымдарының докторы Дархан Аманұлы Кәлетәев жиналған жұртшылыққа отбасы атынан ризашылығын білдірді.

Кешкісін Қабанбай батыр атындағы орталық саябақта «Тарбағатайға тағзым» атты елге аты мәлім «Мұз-Арт» тобының гала концертін аудан тұрғындары мен қонақтары тамашалады. Сондай-ақ Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әнші Қарагөз Сүлейменова, әншілер Медет Салықов, Клара Төленбаева, Токтар Серіков және жергілікті әншілер өз өнерлерін ортаға салды.

Айна ХАСАН

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС БАЛАҒА ЖАЙЛЫ МА?

Жаз келісімен барлық ата-ананың басты мәселесі – «балаларды қайда және қалай демалтамын?» деген сұрақ екені белгілі. Қаржысы жеткендер балаларын еліміздің ірі қалалары Алматы, Шымкентке, біреулер шетелге демалысқа жіберіп жатады. Енді біреулер мектеп, оқушылар сарайы жанындағы лагерьлермен шектеледі. Атырау облысында биыл жағдай қалай? Балалар демалысы қалай ұйымдастырылуда?

А **Баян**
ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Атырау облыстық Білім беру басқармасынан білгеніміздей, биыл 147 мыңнан астам оқушының 95 пайызын жазғы демалыс және сауықтыру шараларымен қамту жоспарда. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 778,6 миллион теңге бөлінген. Алайда өңірде балалар тәулік бойы алаңсыз демалатын лагерьлердің тапшылығы әлі де өзекті мәселе болып отыр.

Бүгінде облыста балаларды токсандық демалыс сайын қабылдайтын лагерь жок. Бір кездері өңірдегі басты демалыс орындарының бірі болған «Тұлпар» лагерьі бірнеше жылдан бері жұмысын тоқтатқан. Соның салдарынан мыңдаған баланың сапалы жазғы демалысын ұйымдастыру мәселесі күн тәртібінен түскен емес.

Білім беру басқармасының мәліметінше, жазғы маусымда өңірдегі үш сауықтыру лагерьінде 3 018 оқушы демалады. Оның ішінде, Индер ауданындағы «Жас Өркен» лагерьінде 1008 бала, Махамбет ауданындағы «Арай» лагерьінде 420 оқушының тынығуы ұйымдастырылуда.

Сонымен қатар әлеуметтік осал санаттағы отбасылардан

шыққан 1 500 бала Ресей Федерациясының Железноводск қаласындағы «Қазақстан геологі» емдеу пансионатына жіберіледі. Бұдан бөлек, 1 367 оқушы еліміздің басқа өңірлеріндегі лагерьлерде демалады.

Атырау облыстық Білім беру басқармасы Жәрбие бөлімінің бас маманы Қадыржан Сапаровтың айтуынша, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жергілікті бюджет және демеушілердің қолдауымен жүзеге асырылуда.

– Бұл бағытта «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен бірлескен жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар білім беру ұйымдарының жанынан 100-ге жуық лагерь ашу жоспарланған. Оның бір бөлігінде балалар тамақпен қамтылса, қалғандары бейіндік бағытта жұмыс істейді. Сондай-ақ шатырлы және киіз үй форматындағы лагерьлер ұйымдастырылып, 10 мыңнан астам баланы қамту көзделген, – деді Қадыржан Сапаров.

Білім беру басқармасы басшысының орынбасары Лаура Меңдіғалиеваның мәліметінше, өңірдегі 137 мың оқушының шамамен 8 мыңы – ерекше қажеттілігі бар балалар.

– Демалысқа жіберілетін ерекше балалардың міндетті түрде

медициналық қорытындысы болуы қажет. Бұған дейін лагерьлерде балалардың денсаулығына байланысты күтпеген жағдайлар тіркелген. Сондықтан қауіпсіздік талаптары қатаң сақталады. Үйде білім алатын бірінші топтағы мүгедектігі бар балалар лагерь бағдарламасына енгізілмейді, – деді Лаура Меңдіғалиева.

Жазғы маусым қарсаңында лагерьлердің санитарлық талаптарға сәйкестігі де тексерілуде. Атырау облысы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Айгүл Исакованың айтуынша, Индер ауданындағы лагерь қажетті құжаттарын рәсімдеу жұмыстарын аяқтап келеді.

– Қазіргі уақытта Индер ауданындағы лагерь санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу рәсімінің соңғы кезеңінде тұр. Ал Махамбет ауданындағы «Арай» лагерьінде тексеру жұмыстары жүргізілуде. Бұған дейін анықталған кемшіліктер толық жойылған жағдайда жұмыс істеуге рұқсат беріледі, – деді Айгүл Исакова.

Сондай-ақ биыл Атырауда алғаш рет «Әке мектебі: дәстүр мен еңбек» атты екі күндік еңбек лагерьі ұйымдастырылды. Nurlu tal этно-паркінде өтіп жатқан жобаға облыстың барлық аудандары мен Атырау қаласынан арнайы іріктелген 25 өке мен олардың 13-14 жастағы ұлдары қатысуда.

Атырау облыстық әкелер кеңесінің төрағасы Шота Қанатовтың айтуынша, жоба аясында қатысушылар киіз үй құру, қой қырку, ат әбзелдерін тану, ер-тұрман жабдықтарын пайдалану



сияқты ұлттық тұрмысқа қатысты тәжірибелік сабақтардан өтеді. Қызылқоға ауданының тұрғыны Аслан Жалғасбаев мұндай бастамалар өке мен бала арасындағы байланысты нығайтуға мүмкіндік беретінін айтады.

– Басты мақсатымыз – жақсы азамат тәрбиелеу. Өке мен ұл арасындағы қарым-қатынасты күшейтіп, ұлттық тәрбиені дәрiптеу маңызды, – дейді ол.

Дегенмен тағы бір мәселе бар. Басқарма жанынан ұйымдастырылып жатқан лагерьлердің дені әлеуметтік осал топтың балаларына арналады.

– Мемлекет әлеуметтік осал топтан да басқа отбасылар барын ұмытпаса екен. Мысалы, менің үш балам бар. Біз көпбалалы отбасы санатына жатпаймыз. Жолдасым бар, толық отбасымыз. Менің де балаларым Ресейдің Железноводск, мына тұрған Махамбет, Индердегі толық 10 күндік лагерьге барғылары келеді. Бірақ біздің балаларымыз ешқашан жолдама ала алмайды. Себебі қамтылатын – әлеуметтік осал топ балалары. Оқу озаттары, өнер, спортта жетістікке жетіп жүрген балаларға да арнап жолдамалар берілсе, жақсы болар еді. Әйтпесе, бала біткеннің бәрі мектеп жанындағы лагерьге бара бермейді. Онысыз да 9 ай мектепте сабақ оқып жүргендіктен, жана ортада демалғысы келеді. Жекелеген орталықтардың лагерьлері бар.

Бағасы удай. Ең арзаны 80 мыңнан басталады. Бір аптаны ғана қамтитын 150 мың теңгенің лагерьлері де бар. Лагерь болған соң, үйдегі балалардың бәрін жібергіміз келеді. Үш бірдей балаға 80 мыңнан есептегенде, 240 мың теңге тауып беру оңай емес», – дейді қала тұрғыны Жаңылсын Отаралиева.

Айтса айтқандай, Атырауда жекелеген орталықтар, ұйымдар ұйымдастырып жатқан лагерьлер құны ұшып тұр. Балалардың жазғы демалысты телефонмен емес, емін-еркін жана ортада өткізуі үшін ата-ана қалтасына бәрібір салмақ түседі.

Атырау облысы Білім беру басқармасынан білгеніміздей, өңірдегі лагерь тапшылығын азайту үшін алдағы жылдары үш жана сауықтыру лагерьін салу жоспарланған. Алғашқысы – Махамбет ауданындағы бұрынғы Президент резиденциясының базасында ашылатын 200 орындық «Жас дарын» лагерьі. Нысанды 2027 жылы пайдалануға беру көзделіп отыр.

Сонымен қатар Атырау қаласы мен Құрманғазы ауданында әрқайсысы 300 орындық жана лагерьлердің жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Мамандардың пікірінше, бұл балалар толық іске асқан жағдайда өңірде жыл сайын қосымша 10 мыңнан астам баланы жазғы демалыспен қамтуға мүмкіндік туады.

КӨКЖИЕК

20 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Әділдік
іздеген әрбір
азаматтың соңғы
үміті – сот. Адамның
тағдыры, кәсіпкердің мүлкі,
отбасының тыныштығы неме-
се мемлекеттің заңды мүддесі
таразыға түскен сәтте қоғам ең
алдымен соттың әділ шешім
қабылдауына сенім артады. Ал
мұндай сенімнің негізінде
бір ғана қағида жатыр.
Ол – судьяның
тәуелсіздігі.



СУДЬЯ ТӘУЕЛСІЗДІГІ –

ӘДІЛ СОТТЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Тәуелсіз судья – құқықтық мемлекеттің басты тірегі. Егер судья қандай да бір ықпалға тәуелді болса, заңның үстемдігі туралы айту қиын. Сондықтан сот тәуелсіздігі тек судьялардың кәсіби қызметіне қатысты мәселе емес, ол әр азаматтың конституциялық құқықтарын қорғаудың маңызды кепілі болып саналады.

Соңғы жылдары елімізде сот билігінің дербестігін нығайтуға бағытталған ауқымды реформалар жүзеге асырылуда. Жаңа Конституцияда сот жүйесін жетілдіру, заң үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелеріне ерекше назар аударылды. Конституциялық өзгерістер сот билігінің тәуелсіздігін күшейтуге, сот төрелігінің тиімділігін арттыруға және қоғамның сотқа деген сенімін нығайтуға бағытталған.

Жаңа Конституцияның басты мақсаты – адам құқықтары сенімді қорғалатын, заң үстемдігі орныққан және азамат пен мемлекет арасындағы өзара сенімге негізделген әділ құқықтық мемлекет құру. Осы тұрғыдан алғанда Мемлекет басшысы айқындаған «Заң мен тәртіп» қағидаты ерекше маңызға ие. Бұл тек құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіруді ғана емес, сонымен бірге әр азаматтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруды білдіреді. Заң талаптарын тек жазадан қорқып орындау емес, оның әділдігіне сеніп, саналы түрде сақтау маңызды. Ал заңның әділ қолданылуын қамтамасыз ететін басты институттың бірі – тәуелсіз сот. Сондықтан сот тәуелсіздігін нығайту құқықтық мемлекет құрудың негізгі шарттарының бірі болып қала береді.

Заңға сәйкес, судьялар сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Олардың қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді. Алайда судья тәуелсіздігі туралы қағидатты заңда бекіту жеткіліксіз. Ол нақты құқықтық кепілдіктермен қамтамасыз етіліп, күнделікті сот тәжірибесінде нақты

көрініс тапқанда ғана өзінің шынайы мәніне ие болады.

Тәуелсіз сот төрелігінің негізгі кепілдіктері Конституцияда және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңда нақты бекітілген. Атап айтқанда, судья тәуелсіздігі сот төрелігін жүзеге асырудың заңмен белгіленген рәсімімен, сот қызметіне араласқаны үшін жауаптылықтың көзделуімен, судьяға ешкімнің тиіспеу кепілдігімен, оны тағайындау мен қызметтен босатудың ерекше тәртібімен, сондай-ақ мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік және материалдық қамтамасыз ету шараларымен қорғалады.

Бұл кепілдіктердің әрқайсысы судьяның қандай да бір сыртқы ықпалдан тәуелсіз болып, сот төрелігін тек заң талаптары негізінде жүзеге асыруына бағытталған. Өйткені әділ соттың сапасы судьяның кәсіби еркіндігі мен оның қорғалу деңгейіне тікелей байланысты.

Қазақ халқы «Қанша батыр болса да, салма жауға жалғызды, қанша шешен болса да, салма дауға малсызды» деп бекер айтпаған. Бұл нақыл сөз кез келген істің нәтижелі болуы үшін оған қажетті жағдай жасалуы керектігін меңзейді. Сол сияқты судья да тұрмыстық мәселелерге алаңдамай, әділ шешім қабылдау үшін құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан лайықты қорғалуы қажет.

Кепілдіктерді заң жүзінде бекіту жеткіліксіз. Ең бастысы – олардың іс жүзінде тиімді жұмыс істеуі. Сондықтан

бүгінгі реформалардың негізгі бағыты судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ететін тетіктерді одан әрі жетілдіруге бағытталып отыр.

Ең алдымен судьяның іс жүргізу тәуелсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылуда. Яғни мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың немесе өзге де мүдделі тараптардың сот қызметіне қандай да бір ықпал жасауына жол берілмеуге тиіс. Осыған байланысты сот төрелігіне араласқаны үшін жауапкершілік күшейтіліп, сот жүйесін цифр-



ландыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бұл сот қызметінің ашықтығын арттырып қана қоймай, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және қоғамның сотқа деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Цифрландыру дәуірінде сот тәуелсіздігіне төнетін қауіптердің жана түрі – цифрлық қысым. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігінде сот процестеріне ықпал етуге бағытталған ақпараттық науқандар мен онлайн қысым әрекеттері судьяның тәуелсіз шешім

қабылдауына әсер етуі мүмкін. Сондықтан сот тәуелсіздігін қамтамасыз ету мәселесі бүгінде цифрлық қауіпсіздікпен де тығыз байланысты.

Кепілдіктердің маңызды бағытының бірі – судьяларды іріктеу, тағайындау және мансаптық ілгерілету рәсімдерін жетілдіру. Өйткені судьяның тәуелсіздігі оның қызметіне араласпау арқылы ғана емес, сот корпусын қалыптастырудың ашық әрі әділ жүйесі арқылы да қамтамасыз етіледі.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесіне ерекше жауапкершілік жүктелген. Судьялардың тәуелсіздігі тек заң нормаларымен емес, оларды өмірде іске асыратын тиімді институттардың қызметімен де қамтамасыз етіледі. Жоғары Сот Кеңесі – Президенттің соттарды қалыптастыру жөніндегі конституциялық өкілеттіктерін жүзеге асыруға

іріктеу барысында объективті өлшемшарттар қолданылып, конкурстық рәсімдердің жариялылығы қамтамасыз етілуде. Бұл сот жүйесіне лайықты кадрларды тартуға және қоғамның сотқа деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Судья тәуелсіздігін қамтамасыз етуде меритократия қағидатының орны ерекше. Жоғары Сот Кеңесі кадрлық резерв институтын жетілдіру арқылы кәсіби деңгейі жоғары судьялардың мансаптық өсуіне жағдай жасап келеді. Жоғары тұрған және басшылық лауазымдарға ұсыну кезінде кәсіби жетістіктер, сот төрелігінің сапасы және басқарушылық қабілеттер басты назарға алынады. Бұл мансаптық өсудің қандай да бір сыртқы ықпалға емес, кәсібилік пен нақты нәтижеге негізделуін қамтамасыз етеді.

Судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды тетіктің бірі – Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот жюриі. Оның қызметі судьялардың тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін қараумен қатар, оларды негізсіз тәртіптік қудалаудан қорғауға да бағытталған. Тәртіптік рәсімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету арқылы Сот жюриі судьялардың тәуелсіздігі мен олардың қызметіне қолсұғылмаушылық кепілдіктерін нығайтуға ықпал етеді.

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан реформалар аясында Жоғары Сот Кеңесінің институционалдық мәртебесі де күшейтілуде. Кеңестің қызметі судьяларды іріктеу мен даярлаудан бастап, тағайындау, мансаптық ілгерілету және тәртіптік жауапкершілік мәселелеріне дейінгі кадрлық процестердің тұтас жүйесін қамтиды. Бұл сот билігінің тәуелсіздігін нығайтуға және кәсіби судьялар корпусын қалыптастыруға бағытталған.


Қорыта айтқанда, тәуелсіз судья – әділ соттың кепілі, ал осы тәуелсіздіктің берік негізін қалыптастыруда Жоғары Сот Кеңесінің орны ерекше. Судьяларды іріктеу мен ілгерілетудің ашық тетіктері, меритократия қағидатының орнығуы, Сот жюриінің қызметі және судьялардың тәуелсіздігін қорғауға бағытталған жүйелі шаралар сот билігінің беделін нығайтып, қоғамның сотқа деген сенімін арттыруға қызмет етеді.

Әділ сотқа деген сенім бар жерде заңға құрмет қалыптасады, ал заңға құрмет орныққан жерде құқықтық мемлекет нығая түседі. Сондықтан судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету – тек сот жүйесінің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ мүддесі.

Жанат ОСПАНОВА,
Жоғары Сот
Кеңесінің мүшесі

SPORT STYLE

20 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ



ӘЛЕМДІК

Футбол – спортық ойын түрі ғана емес, миллиондаған адамның үміті мен арманы да. Биыл сол ұлы үміттердің бірі өзбек халқы үшін ақталғандай. Өзбекстан ұлттық құрамасы тұңғыш рет футболдан әлем чемпионатының финалдық кезеңіне жолдама алып, ел спортының жаңа белесін бағындырды.

Өзбекстан ойыншыларына бұған дейін де әлем чемпионатына шығуға талай мүмкіндік болды. Алайда шешуші кездесулерде жолы болмай, бірнеше мәрте жеңіліске ұшырады. Жанкүйерлер де, футболшылар да соған қарамастан, басты мақсаттан бас тартқан жоқ. Ақыры көптен күткен сәт те туды.

ӨЗБЕК ФУТБОЛЫНЫҢ ӨРЛЕУІ

Әлем чемпионатына жолдама алу – тек ұлттық құраманың емес, өзбек футболының жеңісі. Кейінгі жылдары елде футболды дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Өзбекстанның жастар және жасөспірімдер құрамалары халықаралық жарыстарда сәтті өнер көрсетіп, азиялық футболдағы өзіндік орнын қалыптастыра бастады. Қазір сол буыннан шыққан талантты ойыншылар ұлттық құраманың негізгі күшіне айналды. Бұл орайда біз спорт сарапшысы Айдос Рымқұлдың пікірін білген едік.

– Өзбекстанда тек футбол емес, жалпы спорт саласы мемлекет тарапынан жүйелі қолдауға және қатаң бақылауға ие, қаржының тиімді жұмсалуды қатты қадағаланады.

ДОДАДАҒЫ ДЕБЮТ

Кейінгі жылдары құрылған футбол академиялары, инфрақұрылымның дамуы және өзбек футболшыларының еңбекқорлығы біртіндеп жоғары нәтиже беріп жатыр. Дегенмен маңызды фактордың бірі FIFA тарапынан әлем чемпионатының қатысушылар санын көбейту және Азияға бөлінетін жолдамалардың артуы болды.

БАС БАПКЕРДІҢ ОРНЫН КІМ БАСТЫ?

Өзбекстан құрамасының әлем чемпионатына жолдама алуынан кейін ел футболына маңызды өзгерістер енді. Ұлттық құраманы тарихи жетістікке жеткізген Тимур Капазденің орнына әлемге әйгілі италиялық маман Фабио Каннавароның келуі көптеген талқыға да себеп болды.

– Әлем чемпионатында кейбір құрамалар алғашқы турлардан кейін-ақ бас бапкерін қызметінен босатып жатқан кезде Өзбекстан құрамасының тізгінін Тимур Капазден Фабио Каннавароға беруін ерекше жағдай деп санаймын. Әрине, Өзбекстанды әлем чемпионатына алып шыққан дәл осы Тимур Капаздел болды, бірақ Фабио Каннавароны тандаған – Өзбекстан футбол федерациясының өзі, – дейді спорт комментаторы Есей Жеңісұлы.

Оның айтуынша, бұл шешім – әлемдік тәжірибесі бар мамандарға сенім артудың көрінісі. Тимур Капазде жергілікті футболдың ішінде өсіп-жетілген бапкер болғандықтан, кейбір жаңа трендтерді толық сезінбеуі немесе кеш қабылдауы мүмкін. Ал Каннаваро – әлемдік футболда із қалдырған тұлға. Ол Қытай чемпионатында да бапкер ретінде жеңіске жеткен әрі жаттықтырушылық жолында өз мүмкіндігін енді көрсете бастаған жас мамандардың қатарында.

ӘЛЕМДІК ДОДАДАҒЫ МҮМКІНДІК

Әлем чемпионатында тәжірибелі құрамалармен бәсекелесу оңай болмағанымен, өзбек футболшылары топтық кезеңнен шығуға қауқарлы екенін бірнеше рет дәлелдеді. Әлемдік футбол элитасы жиналған додада өзбек футболшылары қаншалықты алысқа бара алады? Өзбек құрамасы мен Колумбия ойыны жақындағанда, Есей Жеңісұлының пікірін білген едік.

– Өзбекстан құрамасының әлем чемпионатындағы мүмкіндігін аса жоғары бағалау қиын.

Колумбиямен кездесу нәтижесінде 1:3 есебімен жеңіліс тапты. Мексиканың Мехико қаласындағы әйгілі «Ацтека» стадионында өткен матчта колумбиялықтар ойын тізгінін өз қолына алды. Өзбекстан құрамасы қорғанысқа басымдық беріп, барынша қарсы шабуылға сенім артты. Ұзақ уақыт бойы қарсыластың шабуылдарына төтеп беріп, алайда алғашқы таймның 40-минутында есеп ашқан голға тосқауыл қоя алмады. Луис Диастың әсем пасынан кейін Даниэль Муньос мергендігімен көзге түсті. Екінші таймда Өзбекстан құрамасы батыл ойнап, шабуылдан жиілетті. Осы белсенділік көптен күткен нәтиже сыйлап, 60-минутта Аббосбек Файзуллаев тарихи голын соқты. Шебер жартылай қорғаушы, осылайша, әлем чемпионатында

жырғаны түсіруге болмайды, келесі кезеңге жолдама алуға әлі де мүмкіндік бар. Сол себепті Түркия футболшылары Парагвай мен АҚШ-қа қарсы кездесулерде плей-офф кезеңіне шығу мүмкіндігін сақтап қалу үшін бар күшін салуға ниетті деп ойлаймыз.

Әлемдік футбол картасында түркі елдерінің жетістігі жайында да бірер сөз етсек. Бүгінде түркі халықтарын біріктіретін ортақ футбол кеңістігін қалыптастыру қажеттігі үнемі айтылып жатыр. Бұл туралы Есей Жеңісұлы мынадай пікір білдірген еді:

– Түркі елдері арасында футбол қауымдастығын құрып, шамамен үш-төрт жылда бір рет арнайы чемпионат өткізіп тұру қажет деп ойлаймын. Бұл мәселені біз 2021 жылы Ыстамбұлға барған кезде



Өзбекстан атынан алғашқы гол салған ойыншы атанды.

Өкініштісі, қуаныш ұзаққа созылған жоқ. Араға бес минут салып колумбиялық Луис Диас есепті қайтадан командасының пайдасына шешті. Матчтың соңына қарай өзбек футболшылары таразы басын теңестіруге ұмтылғанымен, қосымша уақытта Джаминтон Кампас үшінші голды соғып, кездесудің нүктесін қойды.

Бұл нәтиже Колумбияны К тобының көшбасшысына шығарса, Өзбекстан үшін алдағы кездесулердің маңызын арттыра түсті. Енді өзбек футболшылары келесі кезеңде Португалия құрамасына қарсы алаңға шығып, әлем чемпионатындағы алғашқы ұпайларын еншілеуге тырысады.

ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ СПОРТТАҒЫ БІРЛІГІ

Әлем чемпионатында Түркия құрамасының жолы да әзірге сәтті басталмады. Түріктер топтық кезеңдегі алғашқы матчында Аустралиядан 0:2 есебімен жеңіліп қалды. Өкінішке қарай, 24 жылдан кейін әлем чемпионатына қайта оралған команда алғашқы ойында ұпай еншілей алмады. Transfermarkt.world сайтына жарияланған дерекке сүйенсек, Түркия құрамасының жалпы нарықтық құны 536,2 миллион еуро деп бағаланып отыр. Қызығы, Аустралия командасының нарықтық құны 77,45 миллион еуро болған. Дей тұрғанмен, бұл ретте түрік ағайынға үн-

Түркі кеңесінің басшылығына да айтқан болатынбыз. Сол кезде Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Әзербайжан және Түркия құрамаларының қатысуымен турнир ұйымдастыруға мүмкіндік бар екені айтылды. Алайда Ресей құрамындағы Татарстан, Башқұртстан немесе Саха секілді өңірлер жеке мемлекет болмағандықтан, оларды мұндай жарысқа қосу мүмкін емес, – дейді ол.

Е.Жеңісұлының сөзінше, алты құрама арасында тұрақты чемпионат өткізуге болады, тіпті оған Венгрия қосылуы да ықтимал. Сонымен қатар Тәжікстан құрамасын қонақ ретінде шақыруға мүмкіндік бар. Дегенмен мұндай жарысты халықаралық күнтізбеге сәйкестендіру және оның клубтық футболға кедергі келтірмеуі маңызды мәселе болып қала береді. Қалай болғанда да, араб елдерінің, Шығыс Азия мемлекеттерінің өзара жарысы бар екенін ескерсек, түркі әлемі де мұндай бастамадан шет қалмауы керек. Оның үстіне, әлем чемпионатына бір мезетте Түркия мен Өзбекстанның жолдама алуы – түркі футболы үшін ерекше мақтанш.

Өзбекстан үшін басты міндет – әлем чемпионатында ел намысын қорғап тартысты ойын көрсету. Әрине, әлемнің үздік құрамаларымен бәсекелесу оңай болмайды. Дегенмен бүгінгі жетістік өзбек футболының әлеуетін көрсетті.

Мөлдiр БОЛАТҚЫЗЫ,
ЕҰУ-дың 2-курс студенті



Команда топтық кезеңде Колумбия және Португалия секілді өте мықты қарсыластармен кездеседі. Топта үшінші орын алып, келесі кезеңге шығып кетудің өзі үлкен сенсация болар еді. Колумбиямен таласып, екінші орынға көтеріледі деп айту қиын, дегенмен үшінші орынға ие болуға мүмкіндігі бар, – деп еді спорт комментаторы.

Дегенмен бауырларымыздың плей-оффқа өтеріне әлі де сенім бар, себебі Өзбекстан құрамасының ірі турнирлерде тосын нәтиже көрсететін дәстүрі де жоқ емес. Мәселен, 1994 жылы ешкім күтпеген жерден Азия ойындарында чемпион атанған болатын. Сондықтан бұл жолы да өзбек командасынан жағымды тосынсыз болса, Орталық Азия футболы үшін үлкен серпін болар еді.

Е.Жеңісұлының болжамы да шындыққа жанасып, Өзбекстан

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай Байыржанқызы –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баһи ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4753
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,